



ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС ЫМЫРАСЫЗ БОЛАДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөнінде кеңес өткізді. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады.

Мемлекет басшысы сыбайлас жемқорлықпен ымырасыз күресу мемлекеттік саясаттағы негізгі ба- сымдықтың бірі екенін атап өтті. Оның пікірінше, заң үстемдігін орнатып, нағыз құқықтық мемлекет құру үшін, ең алдымен жемқорлықтың тамырына балта шабу керек.

Президент соңғы жылдары бірқатар маңызды қадам жасалғанына назар аударды. Соттардың сапалы қызмет атқаруы үшін нақты шаралар қабылданды. Кейінгі үш жылда 174 судья жұмыстан шығарылды, я болмаса лауазымы төмендетілді. Жаңадан құрылған әкімшілік соттарға жарты жылдың ішінде 14 мың талап-арыз түскен. Соның тең жартысында сотқа арызданушылар жеңіп шыққан. Қылмыстық процес- тің үш буыны үлгісі енгізілді. Нәтижесінде, про- курорлар былтыр 3,5 мыңға жуық адамның қылмыс- тық процеске негізсіз тартылуына жол берген жок.

— Жемқорлық әрекеті үшін сотталған азаматтарды шартты түрде мерзімінен бұрын босатуға тыйым салынды. Соттарға, құқық қорғау қызметкерлеріне,

пара бергендерге және делдалдарға қатаң жаза қол- данылатын болды. Былтырдан бері жалпыға бірдей салық декларациясын тапсыруды бастадық. Осы және басқа да шаралар айтарлықтай нәтиже беріп, жемқорлық деңгейі төмендеді. Дегенмен түбегейлі өзгеріс әкелген жок, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің тапсырмасы бойынша әзірленген Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат тұжырымдамасының жобасын бекітетінін мәлімдеді. Бірақ жұмыстың тиімділігі нақты нәтиже бойынша бағаланады. Түпкі мақсат — сыбайлас жемқорлықтан таза қоғам қалыптастыру.

Мемлекет басшысы құқық қорғау органдарының жұмысынсыз сыбайлас жемқорлықпен тиімді күрес жүргізу мүлде мүмкін емес деп санайды. Көп жыл бойы олар мәселені терең зерттемей тұрып, пара алу- шыларды қылмыс үстінде ұстап келді. Әртүрлі адам бір лауазымды атқарып отырып, бірдей мәселелерді шешкені үшін кінәлі деп танылған. Жемқорларды тұрақты түрде ұстап, түрмеге тоғытып отырған. Ал сыбайлас жемқорлықтың белең алуына қатысты се- бептер мен жағдайлар ешкімді қызықтыра қоймаған. Тек соңғы жылдары ғана осы мәселеге назар аударыла бастағаны байқалады.

(Жалғасы 2-бетте)

АХМЕТ ЖЫЛЫ: тарихи тұлғаға қандай құрмет көрсетеміз?



Биыл – Ахмет Байтұр- сынұлы жылы. Ұлт ұста- зының мерейтойы өткен жылы басталып кетті. Ұлт- тық арна «Ахмет. Ұлт ұс- тазы» атты сериал түсіріп, көрерменге ұсынып үлгер- ді. Ағартушы туралы «Соң- ғы үкім» көркем фильмі түсіріліп жатыр. Одан бө- лек, Алаш қайраткерінің 150 жылдығында не ұсына аламыз? Қандай ізгі іс- шаралар атқарыла ма?

4 >>

Шенділер де аңшы болғысы келіп жүр

Аңшылық біреуге ермек, енді біреуге азық. Алайда ермек ететін де, азық ететін де, қолдан келсе табыс көзі ететіндер де көп. Заңсыз істейтіндері айтпаса да белгілі. Аң мен құстан маза кеткендей. Соңғы кездері киіктің саны көбейгенін айтып, «алақайлап» жүр едік. Бірақ бұл қуа- ныштың ұзағынан болуы қиын секілді. Себебі браконьерлік, заңсыз аңшылық өршіді. Арасында шенді-шекпенділер де кездеседі. Оларға жаза тұсау бола алмай тұр. Енді браконьерлікті заңдастыру жайы да айтыла бастады. Ал ол мәселені шеше қоя ма?



АНСЫРАҒАН АҢШЫМЫЗ КӨП

Бұрынғылар «ансыраса аңшы тоймайды» дейтін. Осы күні де олардың қатары сирек емес, әсі- ресе киікке шүйліккендер көп. Саны күрт азаюына байланысты 2023 жылға дейін киік атуға мора-

торий жарияланғанын білеміз. Әйткенмен, елеп-ескеріп жатқан- дар шамалы. Өткен жылдың ая- ғында ресми биліктің табиғатты қорғауға жауапты өкілдерінің бөркін аспанға атқызар дерек тір- келді. Соңғы жылдары құлдырап кеткен киік саны екі есе өсіп, 842

мың бастан асты. Өсу болғасын тегін олжа санап, аңду бар. Бізде бір сауал: заң бұзғандардың ара- сында шенеуніктер немесе ауқат- тылар бар ма? Өйткені елде киік пен арқар атуды заңдастырып алуды көздеп жүрген ықпалды адамдардың бары жиі айтылады. Статистикаға сенсек, ұсталған әрбір 10 аңшының 8-і тұрақты жұ- мысы жок, күнкөрісіне айнал- дырғандар болып шығады екен. Ал Ақтөбе облысында 2021 жылы ұсталған 111 заңсыз аңшының 7 азаматында ғана тұрақты табысы болған. 96-сы шалғай ауылдарда тұрады. Жұмыссыздардың басым бөлігі ауылдарда екені анық. Аң- шы байымайтыны әуелден белгілі, ендеше киік етін қарын тойғызар азығына, мүйізін азғантай табыс- тың көзіне айналдырып алғандар болғаны ғой.

(Жалғасы 5-бетте)

МӘМС: қорды реформа күтіп тұр

Әлем мен Қазақстанды «омикрон» нұсқалы коронавирус қысқан қызу-қауырт шақта медсақтандыру қорының өзі безгек тигендей «қалшылдауда». ӘМСҚ қорының басшысы жедел ауыстырылды. Жаңа Премьер Ә.Смайылов қор жұмысын қатаң сынға алып, оған терең тексеріс жүргізуді және былықтарын әшкерелеуді тапсырды. Бұл ретте денсаулық сақтауға бөлінген триллиондардың 90%-ын ДСМ емес, әлгі қор жұмсайтыны анықталды. Халық болса, МӘМС-ті жоюды талап етіп, петиция жазуда. Медсақтандыру жүйесін түбегейлі өзгеріс күтіп тұр.

МЕДСАҚТАНДЫРУ ЖОЙЫЛА МА?

Қазақстандықтардың ашынатын жөні бар. Үкімет міндетті медсақ- тандыру жүйесін енгізгенде, сақ- тандырылған азаматтар оның үлкен игілігін көретінін — қажетті дәрі- дәрмек тегін берілетінін, аса қымбат ем-дом, КТ, МРТ зерттеуі және бас- қасы тегін көрсетілетінін, осы қор ауыр дерті бар науқастардың емін қаржыландыратынын, елде ден- саулық жүйесі өркендеп, медқызмет сапасы артатынын уәде етті.

Мұның бірі де орындалмады. «Медсақтандырылған» адамдар- дың да емханадағы салалық дәрі- гердің қабылдауына кіре алмай, ақылы клиникаларда өз ақшасына емделетінін, оларға амбулатория- лық жағдайда тегін дәрі берілмей- тінін, яғни бұрынғыдан ештеңе өзгермегенін көрген өзге адамдар МӘМС жүйесіне кіруге асықпады.



МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫ

Қордың дерегінше, әлеуметтік медсақтандыру жүйесіне қатысу- шылардың саны 2021 жылдың соңында 15,3 млн адамды құрады. Қазақстандықтардың саны 19,1 миллион, яғни 3,8 миллион адам сақтандыру жүйесінен қалыс қал-

ған. Қор мәліметінше, сақтанды- рылмаған халықтың басым көп- шілігі МӘМС-ке мүлдем жарна аудармаған адамдар — 66,8%-ы немесе 2,58 млн адам. Яғни, «анти- мәмсшілер».

(Жалғасы 3-бетте)

Жарнаға сенсең, жанарсыз қаласың

Қазір көз ауруларына шалдыққандар саны анағұрлым артып келеді. Көру қабілеті нашарлағандар арасында жасы келгендер ғана емес, балалар мен жастардың үлес салмағы да өсіп жатқанын айтып, дәрігерлердің өзі дабыл қағып жатыр. Алайда жанарын емдетуді халықтың қалтасы көтермейді. Мемлекет берген тегін қызметтің тізімінде көз аурулары көрсетілген бе? Олай болса науқастар қымбат тұратын ақылы қызметке неге жиі жүгінеді?



Отандық офтальмологтар соңғы жылдары науқастарының жасарып бара жатқанын жасыр- майды. Мәселен, бүгінде 40-45 жаста катаракта немесе глау- комасы бар науқастар жиі жү- гінетін болған. Сондай-ақ ба- лалар арасындағы миопия да жасарды. Бұрын 5-6 жаста бас-

талған миопияны ерте дейтін болсақ, бүгінде 3 жасында бұл ауру түрі анықталып жатыр. Соматикалық аурулар да көз ауруларына себеп болады. Өйт- кені күнделікті өмірімізді сым- сыз телефон мен компьютерсіз елестету мүмкін болмай кетті. Есін енді таныған сәбидің көзі

смартфоннан ажырамайды. Ал қызметтің көбісі компьютердің көмегімен іске асады. Оның үсті- не, қоршаған ортаның ластануы мен оқу бағдарламасының ауырт- палығы да көз ауруларының жа- саруына өсер етіп жатыр.

(Жалғасы 5-бетте)

УТИЛИЗАЦИЯЛЫҚ АЛЫМ: көлік құны арзандай ма?

Утилизациялық алым жинау құқы жекеменшік компаниядан алынып, мемлекеттік ұйымына берілді. Алайда бұл нарықтағы көлік бағасына әсет етпейді. Өйткені автомобиль салондарындағы жаңа көліктер тапшылығы үлкен. Сондай-ақ жаңа жылдан бері жүрілген машиналардың құны тағы өскен. Ал былтыр тапсырыс беріліп, қаражаты төленіп қойған «темір тұлпарларын» тұтынушылар әлі күтіп отыр. Сол себепті көліктердің бағасы қымбаттамаса, әзір арзандайды дегенге сену қиын.

4 >>



Жемқорлықпен күрес ымырасыз болады

(Басы 1-бетте)

— Бұл жерде ауыл шаруашылығындағы субсидияларға байланысты жемқорлық деректердің анықталғанын атап өтуге болады. Кейінгі бес жылда мемлекет аграрилерді қолдау үшін 2 триллион теңге бөлді. Осы уақыт ішінде аталған салада 960 қылмыстық іс тіркелген. 450 адам қылмыстық жауапкершілікке тартылған. Бұл сала жылдар бойы жемқорлыққа белшеден батуда. Соның кесірінен мемлекет үлкен зиян шекті, азық-түлік қауіпсіздігіне нұқсан келді. Атап айтқанда, жайылым жерлерді суландыруға бөлінген 80 миллиард теңгенің тең жартысы мақсатқа сай жұмсалмаған. Былтыр қуаныштық болған кезде шаруалар жемшөп таппай, мал қырылып қалды. Тіпті, кейбір өңірде шаруаларға субсидия ретінде күн батареясы берілген. Ашығын айтқанда, ауыл тұрғындарына не қажет екеніне ешкім бас қатырмаған. Субсидияны игердік деп есеп беру үшін сол күн батареяларының бағасы еселеп көрсетілген. Мұның бәрі уәкілетті органдардың жауапсыздығынан болған. Ауыл шаруашылығы министрлігі мен өкімдер мұндай былыққа жол бергені үшін жауап беруі керек, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев ақпараттық жүйелер мен деректер базасының жұмысына қатысты мәселелерге арнайы тоқталды. Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігіне мемлекеттік құрылымдар әзірлеген барлық ақпараттық жүйеге тексеру жүргізу тапсырылды.



— Мемлекет қызмет түрлерін алуды шыннай түрде жеңілдететін «Электронды үкімет» немесе жүргізушілердің жол жүру тәртібін күшейткен және жол ережелерінің бұзылуын тіркеуде адами факторды алмастырған «Сергек» сияқты жобалар болса, онда жөн. Сонымен қатар егер цифрландыру деген желеумен бюджеттен қаржы жұмсалып, кейін ешкімге қажеті жоқ ресурстарға көрсетілген қызмет үшін біреулер миллиондап алатын болса, онда өңгіме басқа, — деді Президент.

Мемлекет басшысы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың барлық бағытын түбегейлі қайта қарауға шақырды, сондай-ақ уәкілетті органдардың алдына бірқатар міндет қойды. Оның пікірінше, кәсіпкерлер мен жұрт-

шылықтың сыбайлас жемқорлық деректері бойынша берген өтініштері негізінде жүйелі жұмыс жүргізу қажет.

Президент мемлекет белгілейтін бағаларды реттеу кезіндегі жемқорлықты түбегейлі жою мәселесіне ерекше назар аударды.

— Тиісті уәкілетті органдар бағаны белгілеген кезде оның қаншалықты негізді екенін мұқият қарауы керек. Мұның астарында экономикалық себептен бөлек, «біреудің жымсықы әрекеті жатқан жоқ па?» деген сауал туындайды. Мысалы, отандық өнім өндірушілер теміржол саласын жемқорлық жайлағанын айтып, үнемі шағымданады. Кәсіпкерлер нақты бір нысанға апаратын теміржолды пайдаланғаны үшін төлейтін ақының көлеміне байланысты нара-

зылық білдіруде. Осыған орай бір уақытта бірнеше өңірден — Костанай, Шығыс Қазақстан, Түркістан, Ақмола және Павлодар облыстарынан арыз түскен. Монополист компаниялар бағаны өз бетімен еселеп өсірген. Бұл халық тұтынатын тауарлардың бағасына бірден әсер етеді, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттік сатып алулар мен квазимемлекеттік сектордағы сатып алулардың тұтас жүйесін қайта қарауды тапсырды. Президент мемлекеттік сатып алуларға беделі бар, тиісті техникасы бар, білікті жұмысшылары бар, салықты уақытылы төлейтін өндірушілер қатысуы керек деп есептейді.

— Қазір сыбайлас жемқорлықты нақты жоюдың орнына, процесі

биюрократияландыру жүріп жатқанын көріп отырмыз. Тапсырысты орындаушыны таңдауға бірнеше ай кетеді, бірақ бәрібір сапа мен адалдық жетпейді. Қолданыста бар нормативтік сүзгілерге қарамастан, қандай тендер болсын, оны кім жеткеніне көбіне белгілі болады. Мәселен, екі жылда «Қазавтожол» техникалық қадағалау қызметі 99 сатып алу конкурсын өткізген. Олардың тең жартысын үлестікке қатысушы бары айқын төрт компания жеңіп алған. Ал елімізде аккредитациядан өткен 2 мыңнан астам ұйым мен сертификатталған 6 мыңнан астам сарапшы бар. Сондықтан халықаралық деңгейдегі компаниялардың мемлекеттік сатып алуларға сирек қатысатынына таңғалуға болмайды, — деді Президент.

Үкіметке сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және қаржы мониторингі органдарымен бірлесіп, мемлекет пен квазимемлекеттік сектордың сатып алуларын реттеу тәсілдерін, соның ішінде осы саладағы мемлекеттік бақылау жүйесін түбегейлі өзгерту тапсырылды.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы мемлекеттік-жекеменшік әріптестік саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы бақылауды күшейту қажет деп есептейді. Үкімет мемлекеттік-жекеменшік әріптестік туралы заңды түбегейлі жанарту мәселесін қарастыруға тиіс.

Президент салық және кеден саласындағы сыбайлас жемқорлықты жою мәселелеріне арнайы тоқталды.

— Қытаймен өзара сауда-саттық туралы екі елдің статистикалық мәліметтері екі түрлі. Олардың ара-

сында миллиардтаған доллар айырмашылық бар. Былтыр бұл көрсеткіш 5,7 миллиард долларға жетті. Мұндай үлкен айырмашылық қалай пайда болғанын ешкім түсіндіріп бере алмайды. Ашығын айтқанда, бұл — контрабанда. Келеңсіздіктің бар екенін кәсіпкерлер де растап отыр. Сауалнамаға қарасақ, шетелмен сауда жасайтын адамдардың 90 пайызы жемқорлықпен бетпе-бет келген. Оның ішінде 45 пайызы кеденшілерге пара беруге мәжбүр болған. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Шығыс Қазақстан облысындағы үш көліктік бақылау бекетін жемқорлық өбден жайлағанын анықтады. Елімізде мұндай 49 бекет бар. Кеден және көліктік бақылау саласындағы паракорлық транзиттік әлеуетімізді толық пайдалануға мүмкіндік бермей отыр, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент халық арасында ақпараттық түсіндіру жұмыстарын жүргізуді күшейтуге шақырды. Бүкіл қоғамды жемқорлықпен күресуге жұмылдыру қажет. «Жемқорлық — індет, онымен күресу — міндет» қағидатын баршаның санасына сіңіру бүкіл мемлекеттік органның ортақ жұмысы болуға тиіс. Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, мемлекеттік аппаратта жобалық басқару қағидаттарын енгізуді жалғастыру маңызды. Барлық мемлекеттік орган жұмыстың жаңа форматына белсенді кірісіп, оларды іс жүзінде қолдануы керек.

— Жалпы, әкімшілік тәсілдерден бас тартып, басқарудың заманауи технологияларына жан-жақты бет бұру қажет. Мемлекеттік қызмет жөніндегі уәкілетті орган мемлекеттік қызметтің іс жүзінде сервистік және тұтынушыға қолайлы болуы үшін мемлекеттік қызмет жүйесін қайта құруы керек, — деді Президент.

Ерлан Қошанов Мәжіліс Төрағасы болып сайланды



Парламент Мәжілісінің жалпы отырысында депутаттар Қазақстан Парламенті Мәжілісінің Төрағасы Нұрлан Нығматулинді қызметінен өз еркімен босату туралы мәселені қарады.

Отырыс барысында ҚР Конституциясының 58-бабы 2-тармағына сәйкес, Нұрлан Нығматулин Қазақстан Парламенті Мәжілісінің Төрағасы қызметінен өз еркімен босату туралы қаулының жобасын дауысқа қойып, ол бірауыздан қабылданды. Маңызды шешім қабылдағанын алға тартқан Нұрлан Нығматулин өз сөзінде:

— Биыл Мәжіліс Спикері болғаным 10 жыл толып отыр. Үш шақырылым төраға болдым. Бұл, әрине аз уақыт емес. Осы уақыттың ішінде еліміздің саяси және әлеуметтік-экономикалық өміріне белсене араласып, елімізге, халқымызға қажетті, сапалы заңдар қабылдау жолында бірлесіп, аянбай еңбек еттік. Бұл жолда, ең алдымен Елбасымыз, «Nur Otan» партиясының негізін қалаушы Нұрсұлтан Назарбаевқа, қазіргі Мемлекет басшысы, партиямыздың Төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаевқа маған осы жылдарда бірнеше лауазымды қызметті сеніммен тапсырып, әрқашанда қолдау көрсеткені үшін шын жүректен алғысымды білдіремін, — деді.

Мәжіліс Төрағасы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы аса маңызды міндеттер жүктегенін алға тарта келіп, ол мақсаттарға жету үшін қадір саласын жанарту керек екеніне тоқталды.

Одан әрі Нұрлан Нығматулин үш шақырылым бірге жұмыс істеген барлық депутаттарға осы жылдар ішінде қолдап, сенім білдірген сайлаушыларға, Мәжілістің заң шығару жұмысын жоғары деңгейде қамтамасыз еткен аппарат қызметкерлеріне, барлық қоғамдық ұйым өкілдеріне, Мәжіліске кірмеген саяси партияларға, Мәжіліс жұмысын насихаттаған журналистерге, сарапшыларға алғыс білдірді.

Парламент Мәжілісінің жалпы отырысында депутаттар Парламент Мәжілісінің Төрағасы

қызметіне Ерлан Қошановты бірауыздан сайлады.

Ерлан Қошановтың кандидатурасын Мәжіліс депутаты Ерлан Саиров ұсынды:

— Ерлан Жаканұлы еңбек жолын қарапайым темір шеберінен бастаған, еңбек адамының мүддесін біледі. Заң шығару саласында кешенді тәжірибесі бар, Парламент Сенатының депутаты болған, Үкіметтің Парламенттегі өкілі қызметін атқарған. Аймақтардағы халықтың, азаматтардың әлеуметтік мұң-мұқтажын жақсы біледі. Қарағанды облысының Жезқазған өңірінде еңбек еткен, Қарағанды облысының әкімі қызметін істеген, — деді.

Отырыс барысында Ерлан Қошанов Қазақстан Конституциясының 58-бабы 1-тармағына сәйкес, Қазақстан Парламенті Мәжілісінің Төрағасы мемлекеттік тілді еркін менгерген Мәжіліс депутаттарының арасынан палата депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен жасырын дауыс беру арқылы сайланды.

Депутаттар алдында сөз сөйлеген Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошанов өз кандидатурасын қолдап, сенім көрсеткен депутаттарға ризашылығын білдірді.

— Өмір жолымның бірқатар уақыты осы Парламент қабырғасында өтті. Сіздердің сенімдеріңіздің арқасында, осы абыройлы жұмысты бірге жалғастырамыз деп ойлаймын. Парламент Мәжілісіне жетекшілік ету бұл өрне ерекше мәртебе. Бұл — Қазақстан халқы мен Мемлекет басшысының алдындағы зор үлкен жауапкершілік. Бәрімізге белгілі, ел тарихының даму кезеңінен ең жауапты кезінде тұрмыз. Осы уақытта Президентіміз жан-жақты және түбегейлі реформалар ұсынатынын атап өтті. Бұл — реформаларды сапалы заңдармен қамтамасыз ету барлығымыздың, әсіресе Мәжіліс депутаттарының ортақ міндеті. Ел мүддесі үшін адал еңбек етейік. Мәжілістің жұмысын жаңа деңгейге көтерейік, — деді Ерлан Қошанов.

А.СҰЛТАН

Әйелдер вагонының саны артады

«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ жолаушылардың сұранысын ескере отырып, 2022 жылдың 1 ақпанынан бастап әйелдерге арналған вагондары бар пойыздардың санын көбейту туралы шешім қабылдады. Бұл туралы Ұлттық тасымалдаушының баспасөз қызметі хабарлады.



Жоба пилоттық режимде жүзеге аспак. Бұған дейінгі бар вагондарға қосымша әйелдерге арналған вагондар тағы: 1) №45/46 «Павлодар—Шымкент»; 2) №85/86 «Нұр-Сұлтан-1—Шымкент»; 3) №37/38 «Маңғыстау—Нұр-Сұлтан-Нұрлы жол—Семей»; 4) №47/48 «Нұр-Сұлтан-Нұрлы жол—Атырау»; 5) №379/380 «Алматы-2—Орал»; 6) №73/74 «Алматы-2—Жезқазған» бағыттары бойынша жүретін жолаушылар пойызына қосылмақ.

«Интернет сайттарда және билет кассаларында әйелдер вагондарына теміржол билеттерін рәсімдеген кезде жолаушылар мұқият болып, шартты белгілерге назар аударуға тиіс. Әйелдер вагондары-

на ертіп жүретін адам болса 7 жасқа дейінгі ер балаларды да рәсімдеуге болады. Жол жүру барысында сұрақтар туындаған кезде жолаушылар өз вагонының жолсерігіне немесе пойыз бастығына жүгіне алады. Естеріңізге сала кетейік, өткен жылдың қазан айында «Жолаушылар тасымалы» АҚ №77/78 «Алматы — Маңғыстау» және №351/352 «Алматы — Өскемен-1» жолаушылар пойыздарында әйелдер вагондарында жол жүру қызметін іске қосты. Бұл қызметті жыл соңына дейін 13 243 әйел жолаушы пайдаланған», — делінген хабарламада.

Дубайға доллар алып өтпек болған



Маңғыстау облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті Ақтау халықаралық әуежайында ірі көлемдегі шетел валютасын Дубайға алып өтпек болған қазақстандық азаматтың ұсталғаны хабарланды.

31 қаңтар күні Ақтау—Дубай халықаралық рейсін рәсімдеу барысында кедендік бақылау қызметі 1987 жылы туған қазақстандықтың 10 700 АҚШ

доллары көлемінде декларацияланбаған қаражаты барын анықтаған. Ұсталған азамат мұны шетелге алып шығатын қаражат көлемі 10 000 доллардан асқан

жағдайда декларация толтыру керекін білмегенімен түсіндірді. Ер адамға қатысты ӘҚБтК-нің 551-бабы 3-бөлігі бойынша (жеке тұлғалардың Еуразиялық экономикалық одақтын кедендік шекарасы арқылы өткізілетін және жазбаша декларациялауға жататын ақша қаражаты мен ақша құралдарын декларацияламауы) әкімшілік іс қозғалды. Оған 10 АЕК (30 мың теңге) көлемінде айыппұл салынып, ақшасы кейін қайтарылғы берілді.

«Жыл басынан бері жеке тұлғалардың кеден заңнамасын бұза отырып, қолма-қол ақшаны алып өтудің 2 фактісі анықталды. Оларға қатысты әкімшілік құқықбұзушылық туралы іс қозғалды. Жолаушыларға ЕАЭО кедендік шекарасынан кесіп өту кезінде валютаны алып өту ережелерін сақтау қажеттігін ескертеміз», — деді «Әуежай-Ақтау» кеден бекетінің басшысы Мұрат Бәйтебаев.

Дайындаған Н.КОСАЙ

«Nur Otan» партиясы Саяси кеңесі бюросының құрамы өзгерді

Партияның Саяси кеңесінің қаулысымен (Жарғының 9.4. тармағына сәйкес) «Nur Otan» партиясының Саяси кеңесі бюросының жаңа құрамы бекітілді.

- 1. ТОҚАЕВ**
Қасым-Жомарт Кемелұлы
Қазақстан Республикасының Президенті, партия Төрағасы
- 2. ӘШІМБАЕВ**
Мәулен Сағатханұлы
Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы
- 3. ҚОШАНОВ**
Ерлан Жақанұлы
Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Төрағасы
- 4. САИРОВ**
Ерлан Бияхметұлы
Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты
- 5. ҚЫДЫРӘЛІ**
Дархан Қуандықұлы
«Егемен Қазақстан» Республикалық газеті» АҚ Басқармасының төрағасы
- 6. ӨРІСБАЕВ**
Аббат Жәңгірханұлы
Манғыстау облысы мәслихатының депутаты
- 7. ҚАЛТАЕВА**
Ляззат Молдабекқызы
Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты
- 8. ЗЕНЧЕНКО**
Геннадий Геннадьевич
«Зенченко и К» КС директоры
- 9. ПАУЛИ**
Элина Сергеевна
«Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы директорының орынбасары

Халық пен биліктің арасындағы дәнекер

Шымкент қаласында бейнебайланыс режимінде өткен жиында өңірдегі қоғамдық-саяси ахуалды тұрақтандыру мен оның алдын алу мәселелері және «Nur Otan» партиясы Сайрам аудандық филиалы жанынан құрылған «Парасат» пікірталас клубының жұмыс барысы қаралды.

Күн тәртібіндегі мәселеге қатысты облыстық Қоғамдық даму басқармасының басшысы Аңсар Өсербаев идеология, БАҚ, жастар, этносаралық қатынастар, қоғамдық-саяси ахуал бойынша баяндама жасады. Сондай-ақ Сайрам ауданының әкімі, партияның аудандық филиал төрағасы Ұласбек Сәдібеков «Парасат» пікірталас клубы-

ның жұмысын бейнеролик арқылы таныстырды.

«Клубтың негізгі мақсаты – түрлі салалардағы өзекті мәселелерді ашық айтып, пікірталас алаңында жан-жақты талқылау, оның шешу жолдарын қарастыру. Ауданда кез келген саладағы жұмыстар қоғаммен байланысты болып келеді. Сондықтан қоғамның ой-пікірі және талап-тілектері әр кезде біз үшін маңызды», – деді Ұ. Сәдібеков.

Ережеге сәйкес ұйымның мәртебесі мен өкілеттіктерін «Nur Otan» партиясы Сайрам аудандық филиалы айқындайды. Клуб ел ағалары, қоғам белсенділері, үкіметтік емес ұйымдар, саяси партиялар, депутаттар, БАҚ өкілдері мен жастар қауымынан құралған.

Бүгінге дейін «Парасат» клубының

5 отырысы ұйымдастырылды. Токсанына 1 рет өтетін отырыста күн тәртібінде талқыланатын тақырыптар алдын ала пысықталады. Клубтың әр отырысында төрағалық қызмет ауыспалы тәртіппен жүзеге асырылады. Бүгінге дейін 27 мәселе көтеріліп, оның 18-і нақты орындалды. Ал 9 мәселе орындалу үстінде.

Қазір пікірталас клубы халық пен билік арасындағы алтын арқауға айналып, оның қызметі жұртшылық тарапынан қызу қолдау тапты.

Мәжіліс соңында облыс әкімінің орынбасары С. Қалқаманов аудан, қала әкімдеріне Сайрам ауданының тәжірибесін алуды ұсынып, тиісті тапсырмаларды жүктеп, мәжілісті қорытындылады.

Қабылдау бөлмелерінің жұмысы жанданды



Бытыр «Nur Otan» партиясының Павлодар облысындағы қоғамдық қабылдау бөлмелеріне 9,4 мың адам жүгінді. Ол бойынша арыз-шағымның 54 пайызы оң шешімін тауып, 46 пайызына түсініктеме берілді.

Соңғы екі жылда партияның қоғамдық қабылдау бөлмелеріне өтініштер санының артқанын атап өтуге болады, бұл халық сенімінің күшейе түскенін көрсетеді. Азаматтарды толғандыратын мәселелерді жүйелі түрде шешу мақсатында қабылдау орындарында тақырыптық күндер өткізілді. Атап айтқанда, есепті кезең ішінде «Кедергісіз келешек» және «Зангерлік көмек» партиялық жобалары іске асырылды.

«Кедергісіз келешек» партиялық жобасы аясында 57 қабылдау өткізіп, оның барысында 270 мүмкіндігі шектеулі жанның өтініші тыңдалып, олардың 44%-ы қанағаттандырылды. Облыстың қоғамдық қабылдау бөлмелерінде азаматтарға консультативтік заң көмегін көрсету үшін «Зангерлік көмек» партиялық жобасы аясында 54 қабылдау ұйымдастырылды, оның барысында 196 адам қабылданды. Қойылған сұрақтардың 32% оң шешімін тапты, арызданушылардың қалғандарына қолданыстағы заңнама шеңберінде түсініктеме берілді.

Қоғамдық қабылдауларға облыс орталығының тұрғындары ең көп өтініш білдірген – 78%. Аудан халқы бойынша Павлодар ауданы (8,4%) және Терекөл ауданы (7,5%) белсенділік танытқан.

Дайындаған Би-Барыс КӨКШЕ

Айта кетейік, бүгінде облыста азаматтарды әлеуметтік қамсыздандыру мәселесі ең өзекті (қайырымдылық және материалдық көмек көрсету, жәрдемақылар, жеңілдіктер, өтемақылар т.б.). Өзектілігі бойынша одан кейін екінші – тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық проблемалары. Сондай-ақ тұрғындарды елді мекендерді абаттандыру мен көгаландыру ісі де толғандырады. Тұрғын үй және әлеуметтік нысандар салу, елді мекендерді абаттандыру жұмыстары партияның сайлауалды бағдарламасын орындау аясында шешіледі.

Павлодар облысының қоғамдық қабылдаулары азаматтардың өтініштерін қарау барысында мемлекеттік органдармен тығыз ынтымақтастық орнатты. Барлық өтініштер заңнамада белгіленген мерзімде қаралады. Мәселен, есепті кезең ішінде мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналар өтініш түсірген. Партия алаңында оларды қабылдау ұйымдастырылды. Оған партия филиалының басшылығы, мемлекеттік органдардың, медициналық ұйымдардың өкілдері, облыстық мәслихат пен Павлодар қаласының депутаттары қатысты. Бұл мүмкіндігі шектеулі жандардың бірқатар мәселесін оң шешуе мүмкіндік берді.

«Nur Otan» партиясының Павлодар облысындағы қоғамдық қабылдау бөлмелеріне жолданған өтініштер санының ұлғаюы және олардың ішінде оң шешімін тапқан іс-шаралардың көбеюі партия филиалдары жұмысының тиімділігінің артқанын көрсетеді. Азаматтарды қабылдаудың бекітілген кестесіне сәйкес жалғаса беріледі.

МӘМС: қорды реформа күтіп тұр

(Басы 1-бетте)

Айхан ШӘРІП

Бұрынғы Үкіметке және қор басшылығына 2019 жылы тез арада осы тыс қалғандарды жүйеге қосу жүктелген болатын. Сол міндет қойылған тұста «енбегендер» қатары 2,6 миллион адам ғана еді. Демек, «антимөмшілер» қатары өсіп барады.

МӘМС жүйесінің игілігі зор екенін паш етіп, қызықтырып, осы миллиондарды ішке тарту орнына шенеуніктер зорлық-зомбылықты таңдады: «мдсақтандырылған» статусы жоқтарды тіпті емхананың есігінен қаратпай қойды: дәрігерлер қабылдамайтын болды. Олар коронавирус жұқтырып, жедел жәрдем шақырса, медбригада келмейді, келсе, ПЦР-тест алмайды. Осыған наразы адамдардың шағымна Денсаулық сақтау министрінің ресми блогы толып тұр. «Ызала жүрек, долы қол, улы сия, ашы тіл» жағдайына жеткен адамдар қантарда көшелерді де толтырып, талаптардың бірі ретінде МӘМС жүйесін жоюды және тегін медицинаны қайтаруды талап етті.

Дегенмен жаңа Үкімет мдсақтандырудан бас тартылмайтынын білдірді, оның орнына жүйе жетілдіріледі. Оны өне-бойын жайлаған былық пен жемқорлықтан тазарту шаралары қолға алынады.

Сондай-ақ Мәжіліс отырысында сөйлеген сөзінде Президент қордың қолынан келмеген іспен енді арнайы қор айналысатынын жеткізді: өзге қайырымдылық шаралары қатарында «Қазақстан халқына» қоғамдық әлеуметтік қорының басты бір бағыты ретінде «денсаулық сақтау саласындағы нақты проблемаларды шешуді, мысалы сирек кездесетін дерттерге шалдыққан балаларға көмектесуді» белгіледі.

«ДҮМШЕ» МЕДҰЙЫМ ДЕНСАУЛЫҚ БҰЗАДЫ
Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының (ӘМСҚ) бы-

лықтары аз емес. Кейбір мемауруханалар мен жеке клиникалар қордан бір ота үшін бірнеше миллион теңгеден ақша алады. МӘМС жүйесі іске қосылғалы елде операциялар қымбаттап кетті. Ал сапасы бұрынғы күйде қалды: оған көңіл толмаған адамдардың арыз-мұны да әлеуметтік желіні, ресми блогтарды кернеп тұр.

Жеке медұйымдар бір сырқатты емдеу кезінде бірден үш көзден табыс табуды үйренді: кейбір процедуралардың тегін топтамаларға кіре алмайтынын түсіндіріп, ол үшін пациенттен ақы алады, қалғанын бір мезгілде тегін медкөмектің кепілдендірілген көлеміне (ТМККК) де, мдсақтандыруға да жатқызып, олардан да ақы алады.

Бұл аз болғандай, «қосып жазу», яғни болмаған ем-домды болды деп жазу белен алды. Өздерінің бірнеше дәрігер алдынан өткенін, белсенді емделгенін, тіпті ота жасатқызғанын азаматтар «Даму-медтен» бір-ақ біліп, төбе шашы тік тұрды. Бұл деректі ӘМСҚ растады. Қорбытыр медициналық ұйымдардың 28,3 мың рет «қосып жазғанын» өшкереледі.

«2021 жылдың 11 айында қор сарапшылары медкөмек көрсетудегі 23,8 миллиард теңге тұратын 969,1 мың ақауды анықтады. Осылайша, 2020 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда бұл сома 3 еседен астам өсті: 2020 жылы 7,9 млрд теңгеге тартқан 1,04 млн ақау белгілі болған», – деп мәлім етті қор.

Қызметі ақаулы медұйымдарының көптігі жөнінен үш өңір көш бастады: бүкіл ақаудың үштен біріне жуығы, яғни 28,7%-ы немесе 277,8 мың дефект – солардың еншісінде. Бұлар – Түркістан облысы (11,1% немесе 107,2 мың ақау), СҚО – 9% немесе 86,8 мың және Алматы облысы (8,6% не 83,8 мың). Нақтылай кетсе, ақаулардың көбі – медкөмектің не қызметтердің көлемін негізсіз көбейтіп көрсетуге (63,3%) тиесілі.

Қор сарапшылары медициналық қызмет көрсетудің 28,3 мың расталмаған жағдайын анықтады, олар бойынша алу сомасы 196,8 млн теңгені құрады. Бұл ретте



ақша алу үшін азаматтарды іс жүзінде емес, қағаз жүзінде ғана емдеуге жаман үйренген медұйымдар қос мегаполисте көп: Нұр-Сұлтанда – 63%, Шымкентте – 22,7%. Салдарынан арамза медұйымдар жалақысынан, өзге де табыстарынан ай сайын қорға жарна аударуға мәжбүр азаматтарды қанап отыр.

ҚОР МЕМЛЕКЕТ ҚАРАЖАТЫНАН АЙЫРЫЛУЫ МҮМКІН

Денсаулық сақтау жүйесінің «дені сау» емесін, дертті екенін билік те түсінгендей. Үкімет салада реформа жүргізу мәселесін пысықтап жатыр. Оған дейін кен ауқымды тексеріс жасалады. Премьер-Министр Әлихан Смайылов осы жүйеге аудит жүргізуді тапсырды. Ол Денсаулық сақтау министрлігіндегі және Әлеуметтік мдсақтандыру қорындағы қаражаттың тиімділігі дұрыс бақыланбайтынын, жете үйлестірілмейтінін қатаң сынға алды. Сарапшылар айтып жүргендей, халықтың тапқан-таянғанынан тартып алынатын жарна тасқыны кім көрінгеннің қалтасында кетуде. Мемлекет те қорға тоқтаусыз

миллиардтар құяды: жеңілдікті 15 жүзінде емес, қағаз жүзінде ғана мемлекет жарна төлейді.

Бытырғы 2021 жылы мемлекет денсаулық сақтау саласына орасан зор сома 2,3 триллион теңге шығынды. Бұл ЖІӨ-нің 2,9%-ына тең. Осыныша сома өзге бірде-бір салаға, тіпті қорғанысқа да бөлінбейді.

Үкіметтің дерегінше, Қазақстанда денсаулық сақтауға арналған республикалық бюджет қаражатының 90%-ға жуығын ДСМ емес, ӘМСҚ әкімшілендіреді. Өзі би, өзі қож.

Сонымен бірге Премьер қордың барлық көрсеткіштері тым жалпылама екенін және олар халықтың – медкөмекке қажеттілігін, ал медұйымдардың – оларды қанағаттандыру мүмкіндігін айқындауға жетпейтінін атап өтті. Мұндай жағдайда мдсақтандырудың елге пайдасы мен қайтарымын бағалау қиын. Қорға құйылған триллиондар артқан сайын халықтың медкөмек сапасына көңіл толмастығы да артып отыр.

Осыған байланысты Ә.Смайылов ӘМСҚ қызметін бақылау және оның қаражатты тиімді жұмсау индикаторларының нақты

МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫ

жүйесін әзірлеуді тапсырды: «Бүгінде өңірлердегі медкызметтердің 100%-ы қордан қаржыландырылады. Бұл халыққа медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыруға деген жауапкершіліктің тоқырауына соқтырды. Соның кесірінен, әсіресе өткен жылдың соңында Алматы және Жанаөзен қалаларында жедел медициналық көмек қызметін ұйымдастыру және қаржыландыру проблемалары туындады», – деді Әлихан Смайылов. Бұл жерде «қасіретті қаңтар» оқиғалары Жанаөзенде басталып, Алматыда алапат ауқым алғанын айтып жату қажет пе?

Сондықтан Үкімет реформа аясында тегін медкөмектің кепілдік берілген көлемін (ТМККК) қаржыландыруды орталықтан және қордан алып қойып, кезең-кезеңімен жергілікті деңгейге әкімдіктерге бере бастайды.

Қор өзге де миллиардтаған қаржы көздерінен айырылып қалуы мүмкін: Үкімет басшысы мәлімдегендей, ӘМСҚ біртіндеп, мемлекеттік қаражатты әкімшілендіру функциясынан да айырылады.

Оның орнына қор сақтандыру медицинасын дамыту мәселелері-

не, қаржыландырудың қосымша көздерін іздеуге бар күшін шоғырландыруға тиіс.

Премьер-Министрдің тапсырмасына сәйкес, аз уақыт ішінде елдегі денсаулық сақтау инфрақұрылымына тәуелсіз, кешенді техникалық аудит пен түгендеу жүргізіледі. Соның қорытындысында, мемлекет қай өңірде қандай медұйым жабықтармен және медициналық-технологиялық жүйелермен қаншалықты жаратандырылғанын біледі. Сондай-ақ ана мен бала, онкология, травматология, кардиохирургия, нейрохирургия, инфекциялық аурулар сияқты басымдықты бағыттар бойынша өңірлердің медициналық инфрақұрылымын дамытудың картасы әзірленеді.

Осы орайда ӘМСҚ-қа 2020 жылдың шілдесінен бері 1,5 жылдай ғана басшылық еткен Болат Тоқжанов тосыннан тағынан тайды. Оның үстінен іс қозғалатын-қозғалмайтынын аудит жүргізетін ревизорлардың жұмыс қорытындысына байланысты болуы мүмкін. Әзірге Денсаулық сақтау министрінің 27 қаңтардағы бұйрығымен «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ басқарма төрағасының міндетін атқарушы болып 45 жасар экономист Айдын Ашуев тағайындалды. Сақтандыру ұйымдарында жұмыс тәжірибесі бар. 2021 жылғы қаңтардан бері Президент Әкімшілігінің мемлекеттік инспекторы қызметін атқарған.

Қалай болғанда, мдсақтандыру жүйесі жойылмағанымен, ол бұрынғы қалпында қалмайтыны, ұлкен жаңғырудан өтетіні байқалады. «Жаңа Қазақстанда» МӘМС жүйесі де өзгеше болуға тиіс. Әзірге 2022 жылы халыққа медкөмек көрсетуге мемлекет 2,049 триллион теңге бөліпті. Оның 1,2 триллионы – ТМККК, ал 838 млрд теңгесі МӘМС жүйесі арқылы бағытталады. Осыныша аста-төк қаржыны қорда өнім беруші ретінде тіркелген 1 393 медұйым (оның жартысынан астамы – жекеменшік клиникалар) бөліске салады.

АХМЕТ ЖЫЛЫ: тарихи тұлғаға қандай құрмет көрсетеміз?



Биыл – Ахмет Байтұрсынұлы жылы. Ұлт ұстазының мерейтойы өткен жылы басталып кетті. Ұлттық арна «Ахмет. Ұлт ұстазы» атты сериал түсіріп, көрерменге ұсынып үлгерді. Ағартушы туралы «Соңғы үкім» көркем фильмі түсіріліп жатыр. Одан бөлек, Алаш қайраткерінің 150 жылдығында не ұсына аламыз? Қандай ізгі іс-шаралар атқарылмақ?

АЙЫМ БЕКТҮР

Алаш ардақтысы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойын атап өту үшін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен Мемлекеттік комиссия бекітіліп, республикалық жоспар әзірленгені белгілі. Комиссия биыл «Ахмет Байтұрсынұлы» энциклопедиясын, ғалымның еңбектерінің толық жинағының көптомдығын әзірлеу және баспадан шығарып тарату, деректі фильм түсіру, түркологиялық конгресс өткізу мәселелері қолға алынғанын айтқан еді.

«ЕЛ БҮГІНШІЛ, МЕНІКІ – ЕРТЕНҮШІН»
Ағартушы. Ұстаз. Мемлекет қайраткері. Ахмет Байтұрсынұлы тұлғасын айшықтап тұратын қасиет. Қазақ тіл ғылымының негізін қалаған қайраткердің саяси

қызметтегі орны да бөлек. Ол Әлихан Бөкейхан бастаған Алаш арыстарымен бірге Алаш партиясы мен Алашорда үкіметін құруға атсалысты. Қиын-қыстау кезеңде ұлт ұяйын түгендеген айтулы азаматтардың бірі. Осы орайда мерейлі жылды Аханның ауылына құрмет көрсетуден бастаған жөн деген пікірлер де айтылып калды. Сонымен, ағартушының мерейтойы қалай басталды?

Белгілі ғалым, профессор Айгүл Исмаковаға осы сауалды қойған едік. Ғалым «Аханның 150 жылдығы елімізде ерекше оқиғалармен басталды. Мерейтой десе ат шаптырып той, айтыс өткізіп, ысырап жасайтын орта биыл шамалы елге қарайласу керек деп санаймын» дейді. Айгүл Исмакованың айтуынша, «Ел бүгіншіл, менікі – ертен үшін!» деген Аханның – Алаш саяси элитасының рухани көсемінің Отан үшін, Ел үшін айтылған осындай сөздерін біз өзіміз үшін қайта жаңғыртуымыз керек.

Ғалым биылғы мерейтойда атқарылуы керек бірнеше факторларды атап өтті. Ең алдымен, «Адамдық диканшысы қырғашықтым»: бүгінгі жастар осыған дайын ба? Әр отандасыма осы сөздер мотиватор бола ма?

2. «Ел бүгіншіл, менікі – ертен үшін»: мен осы ретте не істедім? Қазіргі жастар тек бүгінгімен шектелуде. Неге?

3. Отан үшін, ел үшін, ата-баба жер үшін мен не тындырдым? Отанды қорғауға дайынмын ба?

4. Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлылар Отан үшін, Тәуелсіздік үшін құрбандыққа кетті. Қазіргі Тәуелсіздіктің құқықтық, ана тіліндегі білім беруден бастап, үкіметтің саяси әлеуметтік негізін бекітіп берді. Біз бүгін осыны нығайту үшін не бітірдік?

5. Ана тілі – қазақ тілі мемлекеттік тіл болуын армандаған Ахан оны оқыту, жазу, зерттеу негіздерін қалыптастырып берді.

6. Аханның әдебиет – «адамның жан қолтауы» екенін біз есте сақтаймыз ба? «Асыл сөз» екенін біз есте сақтаймыз ба?

7. «Қазақтың бас адамдары! Әуелі сіздер адаспаныңдар, адаспап үшін ақылдасып, ойланып, ынтымақпен іс қылыңдар! Алашқа аты шыққан адамдар! Көсемдіктеріңді адаспай, түзу істендер! Сендер адаспандар, арттарыңнан ерген Алаш адаспандар. Арттарыңнан ергендердің обал-сауабына сіздер қаласыңдар!» деп бізге мензеген жауапкершілікті есте сақтаймыз ба?

8. Аханның бүкіл ғұмыры мен жазғандары: «Жазған сөз жанып ашып Алаштыма!» деген дискурста тұр. Сондықтан бұл мұра Отанға, Елге адал қызмет етудің үлгісі болып қала бермек. Біз осындай сөз айта аламыз ба?

Ғалым осы тақырыптар насихатталуы тиіс деп отыр. «Мен жастарға осы ретте тегін дәріс беріп келемін: мектеп пен кітапханалар арқылы. Жастар тындайды, қосалды, жігерленеді», – дейді Айгүл Исмакова.

АУЫЛҒА БАРАР ЖОЛ ТҮЗЕЛЕ МЕ?

Былтыр бәрімізді тағы бір ақжолтай хабар қуантқан еді. Алматыдағы Ахмет Байтұрсынұлының музей-үйі мемлекет қарауына берілді. Музей-үй бұл шешімді 28 жыл бойы күтті. Сол кездері бізге Ахмет Байтұрсынұлы мемориалды музейінің

жетекшісі Райхан Имаханбет арнайы сұхбат берген еді. Музей жетекшісі сұхбатында: «Ұлт ұстазының тағылым мектебінің мемлекеттік мәртебеге ие болуы барша-мызға қайырлы болсын! Шындығында, кезінде қала меншігі болған «мемлекеттік маңызы бар тарихи ескерткіштер тізіміне енген» осынау құнды жәдігердің 1995 жылы жекеменшікке берілуінің өзі өрескел қате еді. Өкініштісі сол, мұның егжей-тегжейіне үңілген жан болмады. Әрі сол кезеңдегі нарықпен келген «жекешелендіру» деген үдерістің салдарынан мәдени мұраның басым бөлігі «ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кеткені» баршаға мәлім» деген еді.

Өткен кешшілік түзелді. Музей мемлекет қарауына өтті. Бұл да ағартушының мерейтойы қарсаңында атқарылған игі істердің бірі. Алайда музей жетекшісі тарихи тұлғаға лайықты құрмет көрсетіп үлгермегенімізді айтады. «Сол кешшіліктердің орнын тұлғаның UNESCO деңгейінде аталуы тиіс 150 жылдығы қарсаңында түгендеу перзенттік парызымыз деп білемін. Біз үшін ең толғақты мәселе, Алаш арысының жәдігері болып табылатын Алматыдағы музей-үйі, яғни тағылым мектебінің статусы. Бәлкім, бұл басқаларға «жауыр болған тақырып» болып көрінуі де мүмкін. Десе де, 1993 жылдан «заты бар, аты жок мекеме» болып келгеніміз ақиқат. Бұл БАҚ бетінде сан мәрте көтерілуінің арқасында, 29-шы жылы ғана шешімі табылғаны көзі қарақты жұртқа мәлім. Иә, өткен жылы 13 қазаннан Алматы қаласы әкімі Бақытжан Сағынтаев «Алматы қаласы музейлер бірлестігі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына оралды басқару құқығына бекітіп берді. Неге екені белгісіз, атауы Ахмет Байтұрсынұлы музей-үйі деп жазылуы орнына Ахмет Байтұрсынұлы мемориалды музейі деп рәсімделіп кетіпті. Біріншіден, ұлт ұстазы қазақ жұртының аты-жөні дұрыс жазылуы керек, XX ғасыр басында мәселе етіп көтеріп, «-ов, -ова, -ев, -ева» сынды тәуелділіктен арылып, ата-бабадан дәстүр болған «ұлы», «қызы» деп жазуға шақырғанды. Және өзі түзіп берген төте жазуда Ахмет Байтұрсынұлы деп жазып, басқаларға өнеге болған. Біз ұстаздың ұстанымын қасақана ескермей, орыс мәтіндегі нұсқасын қабылдағанбыз», – дейді.

Музей жетекшісінің айтуынша, Ахмет-тей тұлғаның артында қалған Алматыдағы жалғыз жәдігердің, бұл күні өз алдына мемлекеттік болған мекеменің дербес жарғысы, дербес мөрі болмайды. Өйткені музейлер бірлестігіне қарайды. Мұның қаншалықты дұрыс-бұрыстығын алдағы уақыт көрсетеді. Дегенмен де ұлт мүддесі үшін құрбан болған Алаш арысы нәм ұлт ұстазының жеке-дара құрметке, дербес мекеме болуға әлі де лайық болмағаны ма деген сауал күн тәртібінде өзекті күйінде қалып отыр. Осыдан 29 жыл бұрын да «Ахмет Байтұрсынұлы музей-үйі» ұйымдастыру туралы» шешім болған, бірақ көп жұмыстың аяқсыз қалғаны әрі бұрмаланғаны, оның зардабын тартқан біз білеміз нәм тірі күеміз деп отыр.

«Ресми құжаттар мен БАҚ-та «Ахмет Байтұрсынұлы музей-үйі» деп жазылғанымен, осы атауы әлі күнге заңды тіркелмеген ұлт ұстазы тағылым мектебінің зарын естіріп Үкімет болса деген үмітпен айтып отырмыз. Және тұлғаның 150 жылдығын мерекелеу жөніндегі бекітілген жоспардың мүлтіксіз орындалуын Үкімет қатан қадағаласа деген тілегім бар», – дейді Райхан Имаханбет.

Биылғы мерейтой аясында елордада музей-үйі ашылса да, жарасымды емес пе? Ахан есімімен аталатын көшелерге де еңселі ескерткіштері мен бюстің қойса, артық болмас еді. Сенатор Алтынбек Нұқылы «Аханның кіндік алтын тамған туған топырағы – Ахмет Байтұрсынұлы ауылына апаратын 100 км грейдер жолдың жөндеуіне керекті қаржы бөлінуі өзекті мәселе болып өзі-ақ сұранып тұр. Бұл мәселе бойынша арнайы депутат ретінде жіберген хатымызға Қостанай әкімдігі ойланар» деп жазған еді.

ЮНЕСКО шеңберінде тойланатын ұлт ұстазының 150 жылдығын жоғары дәрежеде өткізуге әрбір азамат атсалысуды деген ойдамыз. Ғалымдар Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов, Ахмет Бірімжановтар өскен, өнген жерге де құрмет көрсету парыз деп санайды. Жалпы Торғай өңірі қазақ зиялыларының алтын бесігі саналады. Сол бесіпті басты құрметті ұлт ағартушысы туған ауылдан бастасақ, құба-құп. Тіпті, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы сыйлық пен стипендия тағайындасақ та, артық етпейді. Бұл да «ізденемін, ғалым боламын, ғылым жолына түсемін» деген жастарға мотивация берері сөзсіз. «Қазақ тарихында Ахмет Байтұрсынұлы секілді тұлға болған емес, болмайды да». Абыз Әбіш Кекілбайұлының асырып айта алмаспыз анық. Сондықтан Байтұрсынұлындай ұлы тұлғаға биыл қандай құрмет көрсетсек те, жарасар еді.

Утилизациялық алым: көлік құны арзандай ма?

Утильалым жинау құқы жекеменшік компаниядан алынып, мемлекеттік ұйымына берілді. Алайда бұл нарықтағы көлік бағасына әсет етпейді. Өйткені автомобиль салондарындағы жаңа көліктер тапшылығы үлкен. Сондай-ақ жаңа жылдан бері жүрілген машиналардың құны тағы өскен. Ал былтыр тапсырыс беріліп, қаражаты төленіп қойған «темір тұлпарларын» тұтынушылар әлі күтпін отыр. Сол себепті көліктердің бағасы қымбаттамаса, әзір арзандайды дегенге сену қиын.

Дәулет АСАУ

КӨЛІК ТАПШЫЛЫҒЫ ТҮЙІНДАУЫ МҮМКІН

Үкімет «ӨКМ Операторы» ЖШС компаниясын утильалым жинау құқығынан айыру туралы қаулы қабылдады. Оның функциясы «Жасыл даму» АҚ мемлекеттік ұйымына берілді. Бұдан былай утилизациялық алым есебінен құрылған активтер мемлекет меншігіне берілетін болды. Бұрынғы компанияның қызметі тоқтады, тиісінше автомобиль нарығындағы ірі ойыншылар да утилизациялық төлемдерді тоқтатты.

«Утилизациялық алыммен айналысатын жаңа мекеме құрылды. Бірақ бізге одан есепшоттар әлі келген жоқ. Төлемнің қаншалықты өзгеретінін алдағы уақыт көрсетер. Жаңа компанияға жаңа бағамен төлейтін шығармыз деген үміт-теміз. Бірақ баға бірден төмендейді дегенге сену қиын. Әрі кетсе 10-20%-ға арзандайтын шығар. Мемлекет үшін оны бірден арзандату тиімсіз. Бұл – салық ретінде түсетін және автоөндірушілерді қолдауға бағытталған қаржы», – деді автомобиль сатумен айналысатын «Орион Дистрибуция» ЖШС-ның бұқарамен байланыс жөніндегі директоры А. Алексеев.

Оның айтуынша, утилизациялық алымның азаюы немесе олардың меншік иесінің ауысуы нарықтағы көлік бағасына әсет етпейді. Оның басты себебі – автомобиль салондарындағы жаңа көліктердің тапшылығы. Әрі қалыптасып қалған баға саясатына утилизациялық алымдар тікелей әсер етеді дегенге сену қиын. Оны айтасыз, салондарға көліктердің жаңа партиясы қашан келетінін автодилерлердің өздері білмейді. Жаңа жылдан бастап жүрілген

көліктерге баға тағы өскенін көріп отырмыз. Былтыр тапсырыс беріліп, қаражаты төленіп қойған көліктер тұтынушыларға әлі жеткен жоқ. Ал көптеген автомобиль брендтеріне жаңа тапсырыстар қабылдау 2021 жылдың соңында мүлдем тоқтап қалды. Бұл – тек Қазақстандағы жағдайға байланысты емес, әлемдік құбылыс.

Әдетте жыл соңында көлік нарығында сауда-саттық қыза түсетін. Жеке адамдарды айтағанда, тіпті мемлекеттік бюджеттің игерілмей қалған қаржысына қызметтік көліктер сатып алу белең алатын. Бірақ бұл жолы олай болмады, нарықтағы жаңа автомобильдердің саны шектеулі. Анық дефицит байқалды. Ал автосалоннан керегін таппаған жұрт еріксіз қолданыста болған автокөлік базарын аралайды. Осыдан кейін жүрілген көліктерге сұраныс артып, баға көтеріліп кеткен.

БАҒАНЫ НАРЫҚ РЕТТЕЙ МЕ?

Ескі көліктер «Колеса» және өзге де сайттарда былтырғымен салыстырғанда 10-15%-ға қымбаттырақ бағаға ұсынылып жатыр. Ең өкініштісі, бұл процестің әлі де тоқтайтын түрі жоқ.

«Автосалондарда машинаның құны 15 пайызға өсті. 5-6 млн теңгенің көлігі 1 млн теңгеге қымбаттаған. Дистрибуторлар жақында бағаны арзандатамыз дейді. Демек, сол 15 пайызды алып тастайтын шығар. Бірақ оның өзі бір жыл бұрынғы межеден көп қымбат. Бұл – қулық. Бағаны қолдан қымбаттатып отырғаны осыдан-ақ көрініп тұр. Бұған мемлекет шектеу қоюы тиіс», – дейді қала тұрғыны Алмас Нұрислам.

«Астер авто» жүрілген көліктер салонының жетекшісі Юлия Кравчук бағаны аспаннан алып қоймаймыз, барлығын нарық реттейді



деп ақталды. Оның айтуынша, көлік құнының динамикасын бақылау мүмкін емес. Бірақ өсім бар. Баға көліктің техникалық жағдайына қарап қойылады.

Дистрибуторлар үшін көліктердің тез сатылғаны керек. Сондықтан олар ең өтімді автокөліктермен жұмыс істегенді тиімді көреді. Бұл – бизнес. Нарықта жапондық автомобильдердің өтімділігі жоғары, одан кейін кәріс көліктеріне сұраныс күшті.

«Біз бағытымызды нарыққа қарап айқындаймыз. Келген көліктің бағасы нарықтық құны мен оның техникалық жағдайына қарап бағаланады. Саудалаушылар көліктерін қымбатқа бағалайды. Алайда автомобильдің құны техникалық жағдайына, ішкі-сыртқы сипатына, күтіміне, жүру қашықтығына, жасалған жылына, маркасына қарап белгіленеді. Нарықтағы ұсыныс пен сұранымға да байланысты. Өтімділігі аз көліктер арзанға бағаланады. Сондай-ақ спорттық немесе экстраласс машиналардың сатылымы ұзаққа созылады», – дейді Ю. Кравчук.

Дистрибуторлар үшін көліктердің тез сатылғаны керек. Сондықтан олар ең өтімді автокөлік-

термен жұмыс істегенді тиімді көреді. Бұл – бизнес. Нарықта жапондық автомобильдердің өтімділігі жоғары, одан кейін кәріс көліктеріне сұраныс күшті. Жұрт шыққашаруашылығы техникасын өндірушілерді ынталандыруға берілген, 30 млрд теңге ескі көліктерді тапсырған халыққа төленген, 29 млрд теңге ескі техникаларды жинақтауға және утилизациялауға жіберілген. Сонда жиналған қаржының тек 10%-ға ғана утильге бағытталған. Ал 181 млрд-тай теңгенің қайда жұмсалғаны белгісіз. Есесіне, осы уақыт ішінде жаңа көліктердің бағасы екі есеге жуық өскен.

«ӨКМ Операторы» ЖШС құрылған уақыттан бергі кезеңге тәуелсіз аудит жүргізіп, тексеру нәтижесі ашық ақпарат көздерінде жариялануы тиіс. Ал есеп айырысулы және функцияларды мемлекеттік операторға беру рәсімдері аяқталғанша утиль жинауға мораторий жариялау қажет. Сондай-ақ утиль жинау мөлшерлемесін қайта қару мәселесі де соңына дейін пысықталмаған. Бүгінде бар әңгіме базалық мөлшерлеме төңірегінде айтылып жатыр, ал утильге алынатын сома негізінен коэффициенттер арқылы манипуляцияланады», – дейді Мәжіліс депутаты, «Nur Otan» партиясы фракциясының мүшесі Е.Жаңбыршин.

Қазір утиль жинауға байланысты Экология министрі Серікқали Брекешевтің төрағалығымен жү-

мыс тобы құрылып, талқылау жүріп жатыр. Бүгінге дейін екі жиналыс өткізіп тастады. Бірақ ұйымда өртүрлі тараптардың тепе-теңдігі сақталмаған. Министрліктер бұл процеске көлік өндірушілердің лоббистерін көбірек қосып жібергенге ұқсайды. Жұмыс тобындағы адамдардың 70 пайызы утильалымның сақталуына мүдделілік байқатқаны содан-ау шамасы.

ЖЕҢІЛДЕТІЛГЕН АВТОНЕСИЕЛЕУ БАҒДАРЛАМАСЫ ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ

Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің мәліметінше, қазір жеңілдетілген автонесиелеуге қосымша бюджет қаражатын бөлу мәселесі қарастырылып жатыр. Сондай-ақ қалғанды жарту алымынан түсетін қаражат есебінен «бірінші отбасылық автомобиль» кіші бағдарламасы іске қосылады. Колданыстағы жеңілдетілген автонесиелеу бағдарламасы басталған сәттен бастап қаржыландырудың жалпы лимиті 82 млрд теңге.

Шарттарға сәйкес, көлік Қазақстанда құрастырылып, бір машинаның құны 15 млн теңгеден аспауы тиіс. Несиелеу мерзімі – жеті жылға дейін. Соңғы қарыз алушы үшін номиналды сыйақы мөлшерлемесі жылдық 4%-дан аспайты.

«Бағдарлама 20 жылға есептелген және револьверлік несиелендіруге негізделген. Ол іске асырылған сәттен бастап револьверлік-қайтарымды қаражатты ескере отырып, 159 млрд теңгеге 30,5 мың қарыз берілді. 80 мыңға жуық адам отандық автокөліктерді сатып алды. Бүгінде отандық өндірістің келесідей брендтері қолжетімді: Hyundai, JAC, Chevrolet, KIA және LADA» деп жазылған ведомство тараптан ақпаратта.

Қазір бұған дейін Ұлттық Банк тарапынан қаржыландырылған жеңілдетілген автонесие бағдарламасы тоқтатылған. Осыған байланысты ИИДМ қаражат алудың жаңа көздерін іздестіріп жатыр. Вице-министр Марат Қарабаев автокөлікті бастапқы жарнасыз сатып алу мүмкіндігі пысықталып жатқанын да бағарлаған болатын.

Жарнаға сенсең, жанарсыз қаласың

(Басы 1-бетте)

Жадыра МҮСІЛІМ

ЖАНАРЫНДЫ ЖАСТАЙЫННАН КҮТУ КЕРЕК

MedOptica оптикалар желісінің құрылтайшысы Арыстанбек Жұмағұловтың айтуынша, қазір көз ауруларына шалдыққандар ғана емес, көз ауруларының түрі де көбейіп кетті. Себебі адамдардың өздері ауруына атүсті қарайды екен. «Соңғы кездері алыс пен жақынды көре алмайтынның қарасы артып келеді. Өйткені қазіргі балалардың екі көзі телефонға телмірумен өтіп жатыр. Ал смартфон мен компьютерді көп көретін адамның көз бұлшықеттері шаршайды. Содан көру қабілеті төмендеуі мүмкін. Оқушылардың көбісі тақтадағы жазуды дұрыс көре алмайды. Бірақ соған қарамастан көп ата-аналар балаларына көзділдірік істетуге құлықсыз. Бұл көздің құруын одан ары асқындырады», — дейді маман. Бұдан бөлек, көз қабығының өзгерген формасы көру қабілетінің бұзылуына алып келеді. Мұндай науқастар кескінді бурмаланған түрде қабылдайды. Бірақ астигматизмді ауру түріне жатқызуды дұрыс емес. Өйткені ол көздің табиғи ақауы. «Адамдардың мұрны табиғатынан әртүрлі болатыны секілді адамның көзіндегі астигматизм де сондай ата-анасынан берілетін тұрақты генетикалық өзгеріс. Осы өзгерісті қазір медицина оңай түзетуге мүмкіндік беріп отыр. Отасыз, балаға көзділдірік кигізу арқылы астигматизмді түзетуге болады. Бірақ көп ата-аналар балаларына көзділдірік кигізбейді. Көздегі + түзетуге де болады. Көбі балаларына көзділдірікті кез келген оптикандан сатып алады. Дәрігердің тексеруісіз балаға көзділдірік сатып алу зиян. Қазір балаларда көздің

кылылығы да көбейіп кетті. Оны да отасыз емдеуге болады. Бірақ дәрігердің тағайындауымен ғана берілген көзділдірікті арнайы оптикалардан ғана алу қажет», — дейді. Көз дәрігерлері жанарынды сақтау үшін жастайыннан күтіну керектігін ескертеді. Ол үшін балаларға компьютер мен телефонды мөлшерленген уақыттан тыс пайдалануға шектеу қою қажет. Мысалы, смартфондары күніне 40 минуттан артық пайдалануға болмайды. Егер балалар бұл құрылғыларды көп пайдаланған жағдайда кішкентай балаларға көру қабілеті ламымай қалуы да мүмкін. Көз ауруына шалдықпаған адамдардың өзі офтальмологтарға үнемі тексеріліп тұрғанын артық етпейтінін айтады. Әсіресе, қызметі компьютермен байланысты мамандар міндетті түрде жарты сағат немесе 40 минут сайын үзіліс жасау керек. Сондай-ақ бағасына қарап базардағы арзан күннен көлегейлейтін көзділдірікті сатып алудың соны да көз ауруларының асқынуына алып келеді екен.

Қарап отырсақ, жылына мындаған адамға көз аурулары бойынша ота жасалады. Өйткені денсаулық — өмір кепілі. Әсіресе, жарық дүниені көру үшін жанарынды күту керек. Қыруар қаржы тұратын көз ауруларын емдеу мен ота жасатуды 2020 жылдан бастап мемлекет МӘМС арқылы тегін алу мүмкіндігін қарастырды. Мысалы, Қазақ аурулары ҒЗИ-да жыл сайын 12 мыңнан астам операция жасалады.

КІМДЕРГЕ ТЕГІН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТІЛЕДІ?

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының баспасөз қызметі МӘМС жүйесінің арқасында көз ауруларын диагностикалау мен емдеу бойынша барлық негізгі медициналық қызметтер қолжетімді бола түскенін жеткізеді. Тіпті, тәу-

лік бойы және күндізгі, үйдегі стационар, оңалту, жоғары технологиялық жабдықтар мен мамандардың кеңестерін қолдана отырып медициналық көмек қолжетімді болыпты. Мысалы, ай сайын айлығынан жырып медсактандыруға ақша құятындар өздері таңдаған кез келген емханада медициналық қызмет алуға құқылы. Соның ішінде жеке клиникаға қараламын десе де қаржы құйып отырған соң қалау өз еркіне беріледі. Қажет болған жағдайда, емхананың жеке клиникамен бірлесіп орындау шартын жасау мүмкіндігі болса, пациент өз емханасынан аталған жеке клиниканың қажетті дәрігеріне кеңес алуға жолдама сұрай алады. Былай қарасаң, барлығы көңілге қонымды. Кез келген науқас қалауынша ем алып, көз аурулары бойынша тегін қызметті пайдалануға мүмкіндікті мемлекет молынан қарастырып берген секілді көрінеді. Негізінде көрінеді емес, нақтысы солай болуы керек.

Қазір 11 млн-нан астам адам мемлекеттік қолдауға ие. 15 жөнілді санаттары қарастырылған науқастарға МӘМС жарналарын мемлекет төлейді. Солардың ішінде зейнеткерлер мен балаларға көз аурулары бойынша емделуге кететін шығынды мемлекет шығарады. «Мысалы, былтыр тәуліктік стационарларда 2,2 млрд теңгеден астам көз ауруларының 73 түрлері бойынша 13,2 мыңнан астам бала емделді. Ал күндізгі стационарда көз ауруларының 55 түрі бойынша 4 мыңға жуық бала медициналық көмек алған. Емнің құны 301,7 млн теңге болды. Жалпы, былтыр тәуліктік стационарларда 18,6 млрд теңге сомаға көз ауруларының 94 түрі бойынша 80 мыңнан астам адам емделді. Күндізгі стационарларда 7,6 млрд теңгеден астам сомаға көз ауруларының 125 түрі бойынша 50,7 мыңнан астам адамға ем тағайындалған. Сонымен қатар,

тәуліктік стационарлар денгейінде 37 мың, күндізгі стационарлар денгейінде 38 мың операция жасалды», — дейді МӘМС мамандары.

ҚАРЖЫ ҚАЙДА КЕТІП ЖАТЫР?

Медсактандыру берген мәліметке сенсек, елдегі зейнеткерлер тегін қызмет алып, жарна құйып жатқан жұмысшылар ай сайын төлейтін ақшасын ауруынан айығу үшін қолданып жатқанды көрінеді. Бірақ көз аурулары бойынша тегін емделуге мүмкіндік барын көбі білмейді. Білген жұрттың өзі «арзанның жілігі татымайтынын» жақсы біледі.

МӘМС жүйесі іске қосылғалы жалақысынан жарна төлейтін Мөлідр Нұрайдарова жыл сайын жанарын тексеруден бастап емделуге дейін қалтасынан қаражат шығаруға мәжбүр. Өйткені Алматы облысында тұратын оған жергілікті жердегі емханалар көз аурулары бойынша жолдама бермейді. Ал облыста көз аурулары бойынша ота жасайтын мамандар да, көз ауруларын диагностикалайтын құрылғы жоқ. «Ай сайын бөлгенбай ақша құйғанымды қайтейін, бір тиынына емделе алмаймын. Емхана ешқашан жолдама берген емес. Көз аурулары институтына барып дәрігер қабылдауынан бастап анализ талдау, ота жасату мен дәрументтеріне дейін түгел өз қалтамнан шығарамын. Жылда ота жасатып жүрмін. Кірген кабинетіне жеке-жеке ақша төлеймін. Мысалы, жыртылған көз торшасын жасайтын жыл сайынғы отасы 40 мыңнан асады. Ақыр аяғы көз қысымына да бөлек төлеймін», — дейді Мөлідр Нұрайдарова.

Аудандық ауруханадан жолдама алып біткенше, аурудың асқынып кетуі мүмкін. Өйткені облыс емес, қаланың қаз көз ортасында тұратындар да сақтандыру арқылы көз аурулары бойынша сапалы медициналық көмек алып көрмеген.



КӨЗ АУРУЛАРЫН ЕМДЕУ ТЕГІН БОЛҒАНЫН КӨРМЕДІК

«Көз аурулары тегін екенін бірінші рет естіп тұрмын» деп таңғалды елордалық Азат Иманқұлов. Айтуынша көзді тексерудің бір зерттемесі үшін 20 мың теңге керек. Сақтандыру туралы сұрай қалса, қолдарындағы тегін қаралатындардың тізімін көрсетеді. Ал ол тізімнен әдеттегідей өзінді табу қиын. Мемлекет кепілдік болған зейнеткерлердің өзіне көз аурулары бойынша қаралу арман болып тұр. «Соңғы рет 2018 жылы көз аурулары институтында 120 мыңнан үш рет укол салдырды. Талдау нәтижелері мен дәрігердің қабылдауы, дәрісі мен көзділдірігін қосқанда 500 мың болды. Тұрғылықты жерден жолдама алып бардык, бірақ ол жерде барлығы ақылы деп түсіндірілді. Былтыр МӘМС арқылы жеке емханаға тіркелдік. Бірақ бұл жерде де жолдама бермейді. Ары кетсе өзде-

ріндегі офтальмологқа жібереді. Оның қабылдауын жарты ай күтесін. Өйткені дәрігер клиникаға үш күн демалып, бір күн келеді. Сөйтіп барғанда қағазға ем жазып береді. Берген емі бойынша дәрісін, уколды мен системасын да ақылы түрде аламыз», — дейді зейнеткердің ұлы Мақсат.

Көріп отырғанда, қағаз жүзінде оңай көрінетін тегін қызмет тұрғындарды табаннан таусып, науқастардың жүйкесіне салмақ салып келеді. Ал емхана тізімін көрсетіп, жолдаманы көргенде жеке клиникалар жүз құбылады. Ретинальды бөлінуге байланысты ауыр операциялар көбінесе көз институтында жасалады. Ал осындай ауыр ота үшін мемлекет қаражат құйып жатқанын, кепілдендірілген қызметті ұзақ күту ауруды асқындырып алады. Амаж жоқ, ақылы болса да айтқандарына көнесін. Өйткені жанарың жарна алып отырғандарға емес, жалғыз өзіне керек екені жақсы таныс.



Елнар ҚАБА (солға)

Шенділер де аңшы болғысы келіп жүр

(Басы 1-бетте)

Мадияр ТӨЛЕУ

Былтыр бір ғана қазан айында ел аумағында 2442 табиғат қорғау заңнамасын бұзу фактісі тіркелген. Аз емес. Шамалап қарасақ, әр ай сайын осыныша заңсыздық тіркелсе, жылына 25 мыңға жуықтайды. Биыл да сол баяғы сарсаң. Жыл басталмай жатып-ақ заңсыз ату мен балық аулау жиілеп кетті. Браконьерлер қатарын қарапайым ауыл азаматтары емес, лауазымды тұлғалар толтыратын болып жүр. Сенім арқан инспекторлар да қалыс қалар емес. Ақмола облысында 13 қантар күні Ерейментау аудандық полиция қызметі бөлімінің ушакелік инспекторы Ақсуат ауылы маңында аң шаруашылығының 40 жастағы қорықшысын ұстаған. Жедел-тергеу тобы күдіктіден «Иж-54» маркалы қосауыз мылтық, 12 калибрлі мылтық, еліктің еті және орман шаруашылығына тиесілі қарда жүретін көлікті тапқан. Ал 6 қантарда Ақтөбе облысында балық аулаудың деп бүтін бір аудан шенеуніктерінің басы бөлеге қалған еді. Ырғыз аудандық сотының төрағасы мен прокурорынан бастап, аурухананың бас дәрігері мен Төтенше жағдай басқармасының бастығына дейін жана жылдан кейін саятшылыққа шыққан. Қорықтың ерекше қорғауға екені шенді-шекпенділерді алаңдатпаса керек. Ақыры инспекторларға ұсталып, тыйым салған аймақта тайрандағаны үшін айыпты болды. Былтыр қазанда Жамбыл облысында заңсыз аңшылық құрған ауыл әкімі ұсталған еді. Ақыры айыппұлмен құтылып тынды. Демек, аңсырап жүрген қара халық қана емес, шенділер де бар. Өлген әрбір киік мемлекетке шығын. Алдыңғы жылы елде 727 киік еті мен 3489 мүйіз тәркіленген. Сол кезде елдің табиғи байлығына 2,4 млрд теңге зиян келген екен.

ЖАУАПТЫЛАР БЕЙЖАЙ ҚАРАП ОТЫРМА?

Киікке қатты алаңайтындай жөніміз бар. Әлем бойынша киік популяциясының 95 пайызы Қазақстанда. Жауапсыздық танытсақ, жер бетінен тағы бір жанұяры жоғалып кетуіне айыпты болармыз хак. Әрине, билік қарап отырған жоқ, заңды қатаңдастыр, браконьерлерге тосқауыл қоюға тырысып-ақ жүр. 2020 жылдан бастап Қазақстанда заңсыз аңшылық және балық аулау тәртіпін бұзу қатарынан шығарылып, орта деңгейдегі қылмыс санатына жатқызылды. Қазір браконьерлік қылмыстар үшін 10 миллион теңгеге дейінгі айыппұл салып, 4 жылға дейін бас бостандығынан айыру, қорықта заңсыз аңшылық пен балық аулағаны үшін 6 жылға дейін бас бостандығынан айыру, ірі мөлшерде және ұйымдасқан қылмыстық топпен жасалса 10 жылға дейін бас бостандығынан айыру, киіктерді атқаны үшін 5 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы қаралады.

Дегенмен браконьерлік азаймады. Жазықтарды жаза да тоқтатпайтын тәртізді. Енді не істемек керек. Кейінгі кезде Экология министр-

лігі табиғат жанашырларының тарапынан жиі сығана қалып жүр. Себебі ведомство киік тағдырына бейжай қарауды шығарғанға ұқсайды. Оның біз де аңғардық. Мысалы, 2020 жылы «Орталық – Батыс» тасжолына байланысты шу шықты. Елордалан шыққан көлікті Арқалық, Торғай және Ырғыз арқылы өткізіп барып «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» жолына шығаратын жол Қазақстандағы киіктің үш популяциясының ең үлкені — Бетпақдала популяциясының көшіне келергі болатыны айтылды. Экологтар мәселенің шешімін де қоса ұсынған. Бар болғаны жолды айналма етіп салса жеткілікті. Киік көшіне тосқауыл қойылса, санына лезде кері әсер етеді. Оның үстіне үлкен тасжолдың бойымен жүріп, браконьерлер аңды оңай атып алады. Бірақ Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі әртүрлі сылтау айтып, жолдың жоқпарын өзгертеді. Сонда Экология министрлігі жауапты орган ретінде «бас изеуден» басқа еш амал жасамағанын көрдік.

Басқа жайларды айтпағанның өзінде, табиғат жанашыр Сәкен Ділхамбет министрлік қолдан келер бірз мәселені шешпей отырғанын, тіпті шешудің жолдарын қарастырмай отырғанын айтады.

— Киік санының жылдық өсімі 40-50 пайыз екенін ескерсек, биыл саны 1,2-1,5 млн-ға дейін өседі деп күтеміз. Киіктерді қорғау қиын соғып бара жатыр. Инспектор мен техникалар жетіспейді. Браконьерлік өршіп тұр. Былтыр Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Батыс Қазақстан облысында киіктерді қорғау үшін резерват құруды тапсырды. Мәселе әлі де тұралап тұр. Экология министрлігі ұмытып кеткендей. Киіктердің санын реттеу үшін бірқатар шаралар қабылдау қажет. Ақбөкен дериваттарын заңдастырған абзал. Яғни, Экология министрлігі киіктердің мүйізін, терісін сатуды жүзеге асыратын ресми орган болуы тиіс. Браконьерлік осылай заңдастыруға болады. Бірақ киік санын реттеп отырған жөн. Ал сатудан түскен барлық ақшаны тек табиғатты қорғауға жұмсаған жақсы. Шыңдығы сол, арабтардың инвестицияларының арқасында ғана біздің елде бүкіл фауна қорғалады. Олардың ақшасы болмаса киіктер мен басқа да «Қызыл кітапқа» енген жануарлардың саны көбеймесе еді. Инспекторлардың техникалық базасы ескі. Оған мемлекет нақты ақша қарастырмайды, — дейді маман.

Бұған қоса Экология министрлігі лоббистерге тосқауыл қоюы керек екен. Себебі көптеген аңшы мен кәсіпкер ақбөкен мен арқар атууды өз қолдарына алғысы келеді. Тіпті, бірнеше рет тырысып та көргенге ұқсайды. Бұның алдын алмаса, үлкен қателікке ұрынарымыз хак. Ал браконьерлікті мемлекет заңдастыруы әлемдік тәжірибеде бар. Мәселен, саны өсіп, қауіп сөйіссе, ақбөкен мүйізін, етін саудалауға болады. Аустралия кенгүрудың етін әлемнің елдеріне экспорттайды. Мұндай диеталық және құнарлы азық түрін деген сұраныс көп. Қош, бұл мәселе кейін де талқылана жатар. Қазір бәрінен бұрын «заңсыз аңшылықты қалай тоқтатамыз?» деген сауал өзекті. Жаза тосқауыл бола алмаса қайтеміз керек?

Бұғаусыз кеткен бағаға тоқтам бар ма?

Үй жанындағы дүкендерде азық-түлік бағасы бетімен кетіп, күннен-күнге бой берер емес. Үнемдегісі келетіндер қала маңындағы базарларға сабылып жатыр. Заң бойынша әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының құнына қосылатын үстемақы 15 пайыздан аспауы тиіс.

Наима НҮРӘЛІ

Соңғы екі аптада әлеуметтік маңызы бар тауарлар құны 0,2 пайызға өскен. Әсіресе, үй маңында орналасқан шағын дүкендер ойына келген бағаны қойып отыр. Елімізде тұтыну тауарлары мен қызметтерінің бағасын көтеру фактілерін жедел анықтау және жолын кесу мақсатында хабарламалар қабылдау үшін жедел желі құрылған. Бүгінде агенттіктің сенім телефонына 2000-нан аса өтініш келіп тұрған, оның ішінде 50 пайызға жуығы Алматы тұрғындарынан, 30 пайызы астаналықтардан және 20 пайызы басқа өңірлерден жолданған. Соның ішінде 70 пайызы әлеуметтік маңызы бар тауарларға қатысты болып отыр. Атап айтқанда, сүт пен ет өнімдері, көкөніс, жеміс және нан бар.

Мәселен, Алматыда өнімдер қысқа мерзімде кем дегенде екі есе қымбаттады. Үй маңындағы дүкендерде нан, жармалар, күнбағыс майы екі-үш есе шарықтап кеткен. Оның тағы бір себебі «Қаңтар трагедиясынан» екені анық. Себебі қала әкімдігінің мәліметінше, 1 600 кәсіпкерлік нысанға 67,4 миллиард теңге шығын келген. Оның 95,4%-ы — шағын және орта бизнес нысандары, шығын сомасы — 42,9 миллиард теңге. Сауда орындары тоналып, қабырғалары қирады. Кейбірі өлті жұмысын жандандырып жатыр. «Қаңтар оқиғасы» кезінде үй жанындағы азық-түлік дүкендер жұмыс істеп тұрды. Сұраныс артып ақығта саудагерлер онтайлы тұсты пайдаланып, бағаны көтеріп жіберді.

Бұл бағаны бақылауға ұстайтын жауаптылардың жұмысына сын. «Қазақстан тұтынушылар лигасы» қауымдас-тығының президенті Светлана Романовская да осы ойды қуаттап, бағаны бақылау және тұтынушыларды қорғау бойынша жұмыстар жүргізілмейтінін растап отыр.

«Алматыда Тұтынушылар құқығын қорғау департаментінің штатында бірнеше адам жұмыс істейді және олар барлық кәсіпкерлерді тексере алмайды. Бұл ретте қоғамдық ұйымдар жұмысқа тартылмайды, ал құқық қорғау органдары мен әкімдіктің сатып алушылардың шағымдарымен жұмыс істеу үшін қажетті білімі мен құзыреті жоқ. Мемлекеттік органдар іс жүзінде белсенді емес» деп отыр С.Романовская.

Алматыда күн сайын 1 773 үй жанындағы дүкенде әлеуметтік маңызы тауарлар бағасының негізгі өсуіне жол бермеу бойынша мониторинг жүргізіледі. Нәтижесінде 7 ауданның (Түркістан ауданынан басқа) 61 дүкенінде баға қолдан қымбаттатылғаны анықталды.

Бүгінде күнбағыс майы 15%-ға (920-дан 780 тг/л); сүт өнімдері 5%-ға (айран 315-тен 300 тг/л, сүт 295-тен 280 тг/л); әлеуметтік нан 10%-ға (100-ден 90 тг/л); 1 сұрыпты ұн 10,2%-ға (245-тен 220 тг/

келіге дейін); кант 5,7%-ға (350-ден 330 тг/келіге дейін) арзандаған. Қалған 1 810 дүкен бойынша жұмыс жақын уақытта аяқталады. Мониторинг бойынша жұмыс тұрақты негізде жалғасады.

МАҢҒЫСТАУЛЫҚТАР НЕГЕ НАРАЗЫ?

Маңғыстау жұрты да азық-түлік бағасына наразы. Жыл басынан бері Ақтауда, Түпқараған мен Мұнайлы ауданында дүкен иелері үстеме бағаны 25-30%-ға дейін көтергені анықталды. Оларға ескерту жасалды, баға тағы да негізсіз көтерілсе, онда айыппұл салынады. Кәсіпкерлер бағанын қымбаттауына көтерме сауда орындарын себепкер дейді. Шын мәнінде қалай?

Ақтаудағы ірі көтерме сауда базарына көкөніс Павлодар, Тараз, Қарағанды мен Ресейден, ал жеміс-жидек Иран, Түркіменстан, Өзбекстаннан әкелінеді. Мәселен, картоптың 1 келісі 145-150 теңгеден сатып алынып, Маңғыстауға теміржол және жүк көлігімен жеткізіледі. Былтыр желтоқсанда елімізде сөзбен картопты экспортқа шығаруға уақытша тыйым салынғаны мәлім. Демек, көтерме сауда бағасы әлі де арзандайды деп отыр тасымалдаушылар.

— Біздің бағамыздың тұрақтануы өнімдеріміздің шетел аспауымен байланысты. Қазір үлкен қор Павлодарда. Ақтауға дейін тасымалдауымызға 45-50 теңгеді кетеді. 190 мен 200 теңгенің арасында сатамыз көтерме бағамен. Қапустаң ең арзаны Қазақстан бойынша осы Маңғыстауда. Иранға жақын болғанымыз бізде арзан. 190-200 теңге. Картоп 250-300 тоннаның шамасында бар, пиязды сол шамада қоймаларымызда. Аймақта көкөніс бағасын тұрақтандыру үшін кәсіпкерлерге мемлекеттен қолдау көрсетіліп жатыр. Кейбірі әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы арқылы 100 млн теңгеге дейін көмек алған. Берешек қаржы 6 айға 0%-бен беріледі, — кәсіпкер Нұрпейіс Назарғали.

Көтерме сауда, бөлшек сауда болсын, екеуінде де өзінің алған бағасына 15 пайыздан артық үстемеақы қосуға болмайды. 7000-нан аса кәсіпкердің қатысуымен жүргізілген зерттеу көрсеткендей, кәсіпкерлердің 97 пайызы тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заңды білмейді, 70 пайызы қолданыстағы заңдардан хабарсыз екен. Бірақ бұл жауапкершіліктен босатпайды. Ескертуді елемендерге енді 204-бап бойынша 30 АЕК мөлшерінде айыппұл салынады.

КӘСІПКЕР ҚАЙТП КҮН КӨРЕДІ?

Дүкен иелері халықтың қалтасы көтеретін құннан асырмай, занның аясында жұмыс істеуі тиіс. Бірақ олардың да жағдайы маз емес. Индет. Карантин талаптары. Жаңа салықтардың енгізілуі қарыз алып, кәсіп ашқан кәсіпкерлерді өлден мезі еткен. Мысалы, Қарағанды облысы Теміртау қаласында шағын

Былтыр қараша айының басында семейлік тарихшы Мұхтарбек Кәрімов ағамыз телефон шалып, Өскеменде Әсіпа Бәкекенова деген кісінің тұратынын, бұл адам 1941 жылы Батыс Қазақстан облысының Жалпақтал ауданында құрылған «Қазақ халқын қорғаушылар одағы» жасырын жастар ұйымының белсенді мүшесі болған Сейітқали Бәкекеновтің жұбайы екенін айтты. «Толығырақ Оралда тұратын, осы тақырыпты зерттеген, кітап жазған, журналист Аманкелді Шахин ағаңнан сұрап аларсың, Әсіпа апаның телефонын да сол кісі береді» деді. Бірден Аманкелді Шахинге хабарласып, Әсіпа апаның телефонын алып, жолығуға асықтым. Әжеміз тоқсанға таяп қалса да тың, сөзі ширақ екен. Төрт сағаттай әңгімелестік.

ҚИЛЫ ТАҒДЫР: Сібірде шаңырақ құрған отбасы

1941 ЖЫЛЫ ҚАЗАҚСТАНДЫ КСРО-дан БӨЛІП АЛМАҚ БОЛҒАН ЖАСТАР

— Сіз «Қазақ халқын қорғаушылар одағы» ұйымының белсенді мүшесі болған Сейітқали Бәкекеновтің Құдай қосқан қосағысыз. Сіздердің тарихтарыңыз ерекше тарих. Сіз Шығыстың қызысыз. Ол кісі Батыстан. Қалай таныстыңыздар?
— Иә, мен Шығыстікі, ол Оралдікі. Орал болғанда Фурманов ауданы,

— Білуімше, сіздің әкеніз бен Сейітқали Бәкекенов Сібірде түрмеде бірге отырған.

— Менің әкем Темірқан Саринов Қатонқарағайдың Балғын ауылының тумасы. Жетім өскен екен. Өзінің алдындағы жеті бала бір жылға жетпей шетінеп кетіпті. Содан әкем дүниеге келгенде «қазаққа ер адам балтамен кіндік кессе, бала тұрақтайды» деп кіндігін балтамен кесіпті. Әкем ер жетіп, бұрынғы Үлкен

Сөйтсем, түрмеде бірге отырған неміс екен. «Серға, ты че освободился?» деді. «Жаңа ғана босадым» дедім. «Қайда барасың?» «Білмеймін».

— Бұл қай жыл сонда?
— 1951 жыл.
— Айтпа беріңіз.
— «Жарайды, түр осында. Мен қазір КГБ-ға белгіленіп шығамын» деді де кетіп қалды. Әлгі неміс зауытта істейді екен, үйі бар. Мені үйіне алып барды. Дастархан жайды. Менің қу жаным ғана қалған» дейтін Сейітқали. Шынында, мен Норильскіге барғанда оні қу шүберектей, өте әлсіз, терісі сүйегіне жабысып тұрған болатын (шынашағын көрсетті). Мен онда 1952 жылы бардым ғой.

НОРИЛЬСКІДЕГІ НЕКЕ

— Әже, ол тақырыпқа қазір келеміз. Әңгіменізді жалғастыра беріңіз.
— «Сонан 250 грамдық стаканға спиртті құйды. Өзіне де құйды. «Мынаны ішіп салайық» деді. «Ойбай, мынаны ішсем, өлем ғой». «Жоқ, 10 жыл өлген жоқсың. Енді өлмейсің. Тарт» деді. Ішіп салдым. Ары қарай есімде жоқ. Ұйықтап кетіпін. Танертен оятты, тамақты берді де: «Қазір базарға барасың. Қазақтардың базары бар. Онда қазақтар да, өзбектер де бар. Сол манда жатақханалары да бар» деді. Базарға барсам, расында да, қазақтар мен өзбектер жүр екен. Көбі — өзбек. Жөн сұрасқаннан соң сол жердегі кісілердің бірі: «Анау тұрған баракқа бар, орын табылады» деп жөн сілтеді. Айтқандай,



болды, ыдыс-аяқтарды жинап ал» деді. Әлгі қыз Сейітқалидың мойнына асылып, тізесіне отырды. Арасында құшақтап, сүйіп қояды.

— Ол қыз кім екен?
— 16-17 жас шамасында болу керек. Сейітқали өзімен бірге ертіп келіпті. Ол қыз Норильскіде Детдомда тұрады екен. Қазақтың қызы. Әке-шешесі соғыста болған дейді. Кейін осында келіп, әкешесімен бірге тұрып жатқан көрінеді. Кейін білдім, «Бұл қалада қазақ қыздары жоқ. Елге кете алмайсың. Сонда мен орысқа үйленем бе? Мына қыз орысша сөйлесе де қаны қазақ қой» деп Сейітқали бұл қызға үйленбек болыпты. Сөйтіп, онымен жүріп жүрген кезі болуы керек. Ол бойжеткеннің Сейітқалиды жақсы көргені рас. Кейін, тіпті біз үйленгеннен кейін де «Мен Сейітқалиды жақсы көрем» деп келіп жүрді.

Тіліші толғанысы: Екі айдан кейін екі жас тағдырдың жазуымен сонау Сібірде, Норильск қаласында шаңырақ көтереді. Шағын той жасайды. Әжеміз той болған күнді әлі ұмытпапты.

— Ұмытпасам, қазан айы. Біз Норильскіге тамыздың 28-і жеттік. Қазанның 12-сі күні тойымыз болды. Жатақханадағы кісілердің бәрі келді. Бірі кіріп, бірі шығады. Екі бөлмеге үстел жайылды.

— Неке кино, беташар болды ма?
— ЗАГС-ке барып едік, маған «кемелеттік жасқа толмағаның» деп некемізді тіркемеді. Той жақсы өтті. Қазақтар көп болды. Бәрі батасын берді. Домбыра тартылды, ән айтылды.

— Домбыра қайдан жүр Сібірде?
— Біздің үйде баян да, аккордеон да болды. «Түрмеде болғанда домбыраны өзім қолдан жасап алдым» дейтін әкем.

Тіліші толғанысы: Осылай Сібірдегі өмір жалғаса береді. Сейітқали Бәкекеновтің екі ұлы Норильск қаласында дүниеге келеді. Бір қызығы, әке-шешесі балаларына мұны айтпаған екен. Көп жыйдан кейін туу туралы куәліктерін көріп, таңғалыпты. Ерлі-зайыптылар елге 1958 жылы оралып, Өскеменге келеді. Сейітқали Бәкекеновке туған жеріне баруға рұқсат етілмейді. Алайда екі-үш жылдан кейін ағаларының шақыруымен Жалпақталға барып, біраз уақыт жұмыс істейді. Сөйтіп жүргенде бұрын өздерін ұстап берген «досын» көріп, бір түнде Өскеменге қайта оралады. 1999 жылы өмірден өткенге дейін тас қалаушы, жинақ қассасында инкассатор, облыстық банкте инспектор секілді жұмыстарды істейді. Еліміз Тәуелсіздік алғаннан кейін қырқынышы жылдары жазықсыз жазаланған 13 серігінің жоғын жоқтап, ақтау ісімен шұғылданып, 1995 жылы туған жеріне арнайы барып, олардың ақталғандығын айтақтайтын құжаттарды тапсырады. Ал Әсіпа әжеміздің әке-шешесі 1956 жылы елге оралады. Өкініштісі, ауа райы жақпады ма әлде көз тиді ме, Сібірде дүниеге келген 4 бала бір түнде шетінеп кетеді. «Олар климатты көтере алмады, 80 градус суықтан келді ғой», — дейді Әсіпа әжей.

Түйін
Әсіпа әжемізбен әңгіме төрт сағатқа созылса да, кейіпкеріміз сыр білдірген жоқ (әлде шаршағанын білдірмеді ме?), керісінше жас болсам да мен шаршағандай болдым. Осыдан екі-үш күн бұрын сұхбаттың кейбір тұстарын нақтылайын деп үйіне телефон соққаныма телефон тұтқасын басқа кісі көтерді... Туған сипісі екен. «Бір күн бұрын, 88 жасқа қараған шағында Әсіпа апан қайтыс болды» деді. Әсіпа әжеміз Алаштың азаттығын аңсап, басын



Сейітқали мен Әсіпа Бәкекеновтер ұлдарымен. Елге қайтар алдында. Норильск, 1958 жыл (А.Шахиннің жеке мұрағатынан)



Сейітқали мен Әсіпа. Норильск, 1958 жыл (А.Шахиннің жеке мұрағатынан).

Фурманов селосынан (қазіргі Казталов ауданы, Жалпақтал ауылы). Олар 9 кластан кейін 10 кластың оқушыларымен таласып, емтихан тапсырып, бес алып, 1940 жылы Оралдағы институтқа түскен. Оралға барарды алдында яғни, 9 класта оқып жүргенде: «Қазақ халқының жағдайы қиындап барады. Партия мен үкіметтің саясаты ұлтты жоюға бағытталған. Бізді қорғайтын, бас көтерілмейтін бәрін түрмеге отырғызды. Енді біздер жиналып, бір әрекет істеуіміз керек» деп жолдастарымен ақылдасады. Оқуға түскеннен кейін, 1-курста жүргенде: «Алдымен «Қазақстанды КСРО-дан бөліп шығарыңдар» деп Сталинге, Калининге хат жазайық. Егер келіспесе, қаруды көтеріліске шығамыз» дейді. Айтқандарын істейді, КСРО Жоғарғы кеңесі президиумының, КСРО Халық комиссарлары кеңесінің, Қазақ КСР Жоғарғы кеңесі президиумының төрағаларына өз есімдерін көрсетпей хат жазады. Бір хатқа «ГАКСИМ» деп қол қойыпты. Жауап болмаған соң қаруды көтеріліске дайындала бастайды, «қаруды қайдан аламыз, қиын жағдай туса қайда барамыз?» деп бәрін ақылдасады. Ертен көтеріліске шығамыз деген күні іштерінен сатқын шығып, бәрін жеткізіп қояды. Сөйтіп, барлығын бір-ақ түнде тұтқындайды. «Кім бастаған?» дейді. 19 жастағы Ғұбаш Әнесов «мен» депті. «Бұған сені кім итермеледі?» деп сұрапты. «Ешкім емес. Өзім бастадым. Қазақтың жағдайы қиын болып барады. Бөлек шықпасақ болмайды» деп жауап беріпті тергеушіге. Бұдан кейін аясын ба? Әнесіті 1943 жылы ату жазасына кеседі. Қалған 13 адамды 10, 8, 5 жылға соттайды.


«Қазақ халқын қорғаушылар одағы» ұйымының мүшелері (А.Шахиннің жеке мұрағатынан).



Нарын ауданының бір колхозына бастық болады. Сол уақытта соғыс басталып, атты әскерге аламақ болып жатқанда соныңан домалақ арыз түсіп, «Үкіметті жамандады, Халық жылы» деген жалған жала жабылып, 10 жылға Сібірге айдалады. Жолдасым Сейітқали мен әкем түрмеде бірге болыпты, бірге жұмыс істепті. Зауыт салған. Мұз қазған. Ол жақта үйлерді мұздың үстіне салады. Ол кезде әкем 35-те, Сейітқали 17-де болған. «Жұмыс өте ауыр. Тау-тасты қопарамыз. Сосын ол тастарды вагондарға тиіп, жөнелтеміз. Істеген жұмысымызға қарай нан тілімдерін береді. Еріншектер әлім-жеттік жасап қолындағы нандың немесе тасынды тартып алады. Тасынды тартып алса, нан ала алмайсың. Сонда сенің әкең мені үнемі қорғалы. Неше рет тамұқтың аузынан алып қалды. Сенің өкеннің арқасында тірі қалдым ғой» деп айтып отыратын Сейітқали. Әкем бала деп жаны ашып, қорғаған болуы керек.


— Жолдасыңыз түрмеде 10 жыл отырғаннан кейін елге қайтарды ма? Әлде?
— Қайда барам?» дептің сасқанымнан. «Қайда барсан, онда бар. Сен боссын. Тек айына екі рет келіп, қол қойып тұрасың. Норильскіден 100 шақырым жерге шығуға болмайды» деді. Түрмеден шықтым, мас адам секілді тұрмын. Қайда барарымды білмеймін. Басым ауған жаққа жүре бердім. Бір кезде біреу: «Серға, та аламайды. Осында «Норильскторг» деген Карасам, бір орыс тұр. Танымаймын.

С.Бәкекеновтің саяси жер аударудан босатылғаны туралы анықтамасы (А.Шахиннің жеке мұрағатынан).



Калининге жазылған хаттың аудармасы (А.Шахиннің «Қорғаймын!» деп қазақты...» кітабынан).

барактан бір бөлме берді. Ешқайда баруға болмайды. Сол жерде екі ай жатты. Бұл жатақханада түрмеден босап, елге қайта алмай жүрген қазақтар тұрады екен. Барлығы зауытта жұмыс істейді. Мені екі ай жақсылап күтті. Екі айдан кейін: «Сен біз құсап зауытта жұмысқа жарамайсың. Ол жаққа күшті адам керек. Барсан да алмайды. Осында «Норильскторг» деген сауда мекемесі бар. Соған сатушы керек



Калининге жазылған хаттың түпнұсқасының суреті (А.Шахиннің «Қорғаймын!» деп қазақты...» кітабынан).

— Танымаймын. Суретін әкем жіберген фотодан ғана көргем. Бір күні үйге кіре бергенім сол еді, бір қазақтың қызы жүгіріп шықты. «Сәлеметсіз бе!» деп едім, «Здрасти» деді. Мен орысша білмеймін, үн-түн жоқ, үйге кірдім де кеттім. Ана қыз артымнан келіп орысша сөйлеп жатыр. Оны тындап жатқан мен жок. Төр жаққа шешемнің жанына барып едім: «Әкон, қонақтар шай ішіп

бөйірге тіккен 14 азаматтың бірі Сейітқали Бәкекеновтің өмірлік серігі ғана емес, өзі де сол ызғары заманның ызғарына қарлыған соңғы куәгерлердің бірі еді. Соңғы куәгермен соңғы сұхбат болады деп кім ойлаған?!
Жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын!
Азамат ҚАСЫМ,
Шығыс Қазақстан облысы

Мегаполис мектептерінде орын тапшы

«Айта-айта Алтайды, Жамал апай қартайды» деген жаттанды болған тіркесті Алматының мектептеріне қатысты айтса артық болмас еді. Қазір Алматы қаласында 207 мемлекеттік мектепте 279 858 оқушы білім алып жатыр. Өткен 2020-2021 жылы оқу басталғанда мектептердегі орын тапшылығы 33 812 болған. Яғни, қала мектептерінде осыншама бала артық жүктемемен оқып жатыр деген сөз. Осыдан келіп бір сыныпта 40-45 оқушы білім алуға мәжбүр.

Жауапты шенділер тарапынан мәселені түбегейлі шешу үшін түрлі қарқандар жасалып жатқанымен, бұл мәселе жылдар өткен сайын күрделеніп бара жатқаны рас. Оның түрлі себебі бар.

БІР СЕБЕП – БАЛА ТУУ КӨРСЕТКІШІНІҢ ЖОҒАРЫ БОЛУЫ

Бірінші себеп әрине қаланың урбанизациялық жағдайына тікелей қатысты. Жергілікті шенеуніктердің айтуынша, негізгі себеп мегаполисте бала туу көрсеткішінің жоғары болуы және белсенді көші-қон процестері мәселенің түбегейлі шешілуіне кері әсер етіп отырса керек. Қалалық Білім басқармасының мәліметінше, мектептердегі орын санының тапшылығы негізінен жаңадан ашылған Алатау, Наурызбай аудандарында бар. Сонымен қатар бұл мәселе Түркісіб ауданында да өзекті болып отыр. Себебі түсінікті. Бұл аудандарды құру барысында қалаға іргелес жатқан бұрын облыс аумағына кіретін бірнеше ауыл қосылды. Сондай-ақ қалаға



көшіп келушілердің көп бөлігі осы аудандарда қоныс тепкен. Оның үстіне тұрғын үй тапшылығын шешу мақсатында түрлі мемлекеттік бағдарламамен салынған бірнеше көпқабатты тұрғын үйлер де осы аудандарда салынды. Сондықтан тұрғындар санының тығыздығына сай өзге де қажеттіліктермен бірге мектеп тапшылығы байқалып отыр.

ЖОСПАРДАҒЫ 5 МЕКТЕП НЕГЕ САЛЫНБАЙ ҚАЛДЫ?

Аталған мәселе тұрғындардың қала атқа мінерлерінің төбесін көре сала алғашқы қоятын сауалы болғаны да үйреншікті жайтқа айналды. Әкім-қаралар уәде беруден, тұрғындар талап етуден шаршамай келеді. 2020 жылды қорытындылау мақсатында халықпен кездескен сол кездегі қала әкімі Бақытжан Сағынтаев осы

мәселені шешу мақсатында 2021 жылы мегаполисте 8 жаңа білім ошағы бой көтеретінін айтып сендірген болатын. Экс-әкімнің сөзінше бұл мектептер «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасы аясында жүзеге асырылу керек болған. Оған қоса қаладағы 17 мектептің жаңынан жапсарлас оқу ғимараттарының құрылысы жүргізілуі тиіс-тін. Жоспар жүзеге асқан жағдайда 23 мың оқушы сыятыны айтылған. Бұл жоба өз кезегінде қала мектептеріндегі орын тапшылығын 73 пайызға азайтады деп сендірген еді. Алайда былтырғы есеп бойынша мегаполисте бар болғаны 5 100 орындық 3 жаңа мектеп пен 17 жапсарлас оқу ғимаратының құрылысы ғана аяқталып үлгерді. Осыған байланысты қалалық Білім басқармасы 2021

жылдың аяғында 13 мыңнан астам оқушыға орын тапшылығы азайды деп есеп беріп отыр. Солай болған күнде де дәл бүгінде қала мектептерінде әлі 20 812 балаға орын жетпейді деген сөз.

Айтқандай осы үш мектептің екеуі әлі оқушы қабылдай қойған жоқ. Себебі құрылысы біткенмен, қалалық Құрылыс басқармасы кейбір құжаттың тексеруден толық өтпеуіне байланысты нысанды ашуға рұқсат бермеген. Өткен жылдың соңғы күндерінде экс-қалабасы осы жаңадан салынған №205, 206 мектептерге барып, білім ордасы оқу жылының III-тоқсанынан бастап бала қабылдауға дайын деген болатын. Бірақ III тоқсан басталғалы да бірнеше күн болды. Жаңа мектеп шәкірт қабылдауға асығар емес.

Ал жоспарланған сегіз мектептің қалған 5-еуі неге салынбай қалғанының нақты жауабын тиісті орындардан алу мүмкін болмады.

МӘСЕЛЕ АЛДАҒЫ ЖЫЛДАРЫ ШЕШІЛЕ МЕ?

Қалалық әкімдіктің берген мәліметінше, 2022 жылы 7 500 орындық 5 мектептің, оған қоса 970 орындық 4 мектептің негізгі ғимаратына қосымша жапсарлас салынған құрылысы аяқталуы тиіс.

Сонымен қатар бюджет есебінен 1 100 орынға арналған 2 мектеп және 2 800 орынға арналған 7 мектепке жапсарлас нысандар салу жоспарланған.

Оған қоса, Мемлекеттік және жекеменшік әріптестік аясында 4 800 орынға арналған 4 мектеп салынабық.

Түрлі меморандумдар аясында 10 990 орындық 11 мектеп және 2 325 орындық 6 қосымша құрылыс жүргізілбек. Сонымен қоса 1 400 орындық мектепке айналдыру мақсатында 2 ғимаратты сатып алмақ. Жеке инвестициялар есебінен 3 400 орындық 10 мектептің де жобасы дайындалып отыр.

Қала басшылары осыдан біраз жыл бұрын қаланың шет аймақтарын дамыту

жөніндегі «Жаңа Алматы» кешенді бағдарламасын дайындаған болатын. Сол бағдарламаның негізгі бір тармағы қаланың барлық аумағында, мейлі ол орталық болсын, шеті болсын – сапалы әрі қолжетімді білім беруді қамтамасыз етуге бағытталған еді. Осы негізде мегаполистегі үш ауысымдық мектептерді біржола жою алға қойылған. Дәл осы бағдарлама қабылданған жылы Алматыда үш ауысымда оқитын жалғыз мектеп бар болатын. Қаланың Алатау ауданына қарасты «Рахат» шағынауданында орналасқан №196 білім ошағы осы күнге дейін сол баяғыша үш ауысымда оқытып келеді. Аталған мектептің орнына 1500 орындық жаңа мектепті салуға дайындық 2020 жылы басталған. Жоспарға сәйкес бұл мектептің де құрылыс жоғарыда айтқан 8 мектептің бірі ретінде 2021 жылы аяқталуы тиіс болатын. Өкінішке қарай, «Рахатта» тұратын балаларға арқа басы кен отырып рахаттана білім алатын күн әзір алыс сияқты.

Қала тұрғындары мен түрлі мектеп ұжымдары атынан айтылған мыңдаған ұсыныс ескеріле отырып, білім беру нысандарының үдемелі құрылысының 2025 жылға дейінгі бағдарламасы әзірленген болатын. Ол алдыңғы әкімнің тұсындағы әңгіме еді. Жаңа тағайындалған қала басшысы Ерболат Досаев мырза алдыңғы әкімнің бұл бағдарламасын жалғастыра кетсе ігі болар еді. Тек жалғастырып қана қоймай, жанаша қарқын беріп жандандыра түссе жөн болмақ. Себебі жоғарыда айтқанымыздай, экс-әкім Сағынтаевтың тұсында жасалған бағдарлама өз жоспарынан өзі қалып кеткенін көріп отырсыздар. Айта-айта шаршаған ата-аналар мен оқушылардың арманын жаңа әкім біржақты етіп шешіп бере алар ма екен? Себебі осы күнге дейін сан әкім келсе де, шеше алмай кеткен бір мәселе мегаполис мектептеріндегі осы орын тапшылығы дер едік.

Нұрболат АДЫРБЕК,
Алматы

Ұжымның берекесі неге кетті?

«Қазсушар» республикалық мемлекеттік кәсіпорны басшылары мен Шымкент қаласындағы «Су-Метрология» филиалының ұжымы арасында бір жылдан бері кикілжің бар. Тіпті, зейнет демалысына тура 1 жыл қалған мекеме басшысы Есқыдыр Чунетов те жұмысынан кетіп тыныпты.

ӨЗ ЕРКІНІЗБЕН КЕТІНІЗ НЕМЕСЕ...

Мәселе ұжым арасында емес мекеменің жоғарыдағы қызметкерлерінде болып тұр. Филиалдықтар айрандай ұйып отырған ұжымның арасына ірікті салған сонау астанадағы бас мекеменің қызметкерлері дегенді айтады. Айтуларына, бас мекемеде отырғандар осы саланың ыстығына күйіп, суығына тоңып жүргендер емес. Жүйені жете түсінбеген соң филиал қызметкерлеріне шүйліге беріпті. Одан соң ұжым қызметкерлері Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтан бастап, Мәжіліс төрағасына, Премьер-Министрге, «Nur Otan» партиясына, осы салаға жауапты министрлікке Ашық хат жолдаған.

Ашық хатта «Су-метрология» филиалының су ресурстарын есепке алуы метрологиялық қамтамасыз ету жұмыстарын орындайтыны, мекемеде біліктілігі жоғары, көп жылдық еңбек тәжірибесі бар мамандардың жұмыс істейтіні жазылған. Нәтижесінде алдыңғы жылдың есебімен салыстырғанда жоспар 180 пайызға дейін көтеріліп отырғаны айтылған. Филиал шаруашылық жүргізу жолымен өзін-өзі толық қаржыландырып келеді екен.

Алайда осындай жұмысы жүйеленген ұжымның астан-кестенін шығарған «Қазсушар» РМК-ның IT саласы бойынша Басқарушы директоры – Т. Наримбаев, осы кісінің тарапынан қудалауға түсіп отырмыз», – деп жазады ұжым қызметкерлері.

«Аталған тұлғаның басшылығымен «Қазсушар» РМК-ның 5 маманы 2021 жылдың 5-6 мамыр күндері мекемеге тексеру жүргізіп, алдын ала дайындалп келген сұрақтарын жаудырды. Олар берілген жауаптарға қанағаттанбай, «түсінбедім» дей берген. Гидравликалар әрине түсінбейді, олар инженер-гидротехник емес. Филиалдың 2021 жылғы жоспары, оның орындалуы, мекеменің қаржылық жағдайы да сұралмады. Кейбір хаттарға уақытылы жауап бермедіңдер деген уәжене ғана аяқталды. Тексеру нәтижесі бойынша хаттама береміз, – деген. Алайда Т.Наримбаевтан хаттама немесе акт келместен 20 мамырда басшылықтың өздері келіп, филиал директоры Е. Чунетовпен жеке сөйлесіп, «өз еркіңізбен қызметтен кетіңіз және директордың орынбасары Қ.Койшыбаев пен филиалдың бас-метрологы С.Бекжанов екеуі де өз еркімен кетсін деген тапсырма берді. Егер кетпесендер Қазсушарда істейтін ҰҚК-нің жігіттеріне тапсырма беремін, тексеріп себеп тауып, статиямен жұмыстан шығарамын, одан кейін бірде-бір мемлекеттік мекемеде жұмыс істей алмайсыңдар» деп қорқытып кетті», – деп ашынып, биліктен қолдау күтіп хат жазды.

Алайда ашық хатқа ешқандай құзырлы органның жауап келмеген.

ДАУДЫҢ БАСЫ ДҰРЫС ЕМЕС ҚОНДЫРҒЫДА

«Кілтүпан Т.Наримбаевтың басшылығымен Түркістан облысы Мақтаарал ауданындағы Пилоттық бағдарлама ретінде К-19 каналына және сол каналдан шығатын арналарға су өлшеуді автоматтандыру жүйесін орнатуға жатыр. Аталған автоматтандыру жүйесінен біздің «Су-Метрология» филиалының мамандары хабарсыз. Орналастырылған автоматтандыру жүйесі каналдағы судың деңгейіне қарап, ағып жатқан судың көлемін анықтайтын құрылғы. Ал бұл жүйе негізінен дұрыс қойылмаған. Себебі К-19 каналының көлбеуі төмен, яғни бір шақырым каналдың көлбеуі 6 см ғана, жазғы суару маусымында ағын судың аздығынан К-19-МО-1 және К-19-МО-2 каналдарына сорғы арқылы су беріледі. Мұндай жағдайда, каналдағы судың деңгейіне қарап, ағып жатқан судың көлемін анықтайтын диаграмма дұрыс шықпайды. Сол себептен судың көлемін анықтайтын автоматтандыру құрылғысы дұрыс таңдалмаған. Өкінішке қарай, «Су-метрология» филиалы мамандарының бұл қорытындысымен Т.Наримбаев келісімі келмейді, түсінбейді» дейді осы салада 25 жылдық еңбек өтілі бар Чунетов. «Біз осы құрылғының дұрыс қойылмағанын айтамыз деп қудалауға ұшырадық» дейді тағы бірде ол. Филиалдағы басшылық қызметтегі үш азаматқа қайта-қайта түсініктеме жаздыра берген.

Ал филиал директорының бұрынғы орынбасары қазір қызметі төмендетілген Құрманәлі Қойшыбаев өзінің осында 1986 жылы жас маман болып жұмысқа қабылданғанын, сол жылдан бері осы салада тер төккенін жеткізді. Қойшыбаев өзінің неге қудалауға түскенін түсінбейді. «Жоғары жақтан келген 5 адамнан тұратын комиссия айтқан уәждерімізді тындаған да жоқ. Артынша басшылық келіп жұмыстан өз еркімізбен кетуімізді айтып кеткен. Айдың соңында тексеру қорытындысы келді, оған бір күннің ішінде қарап, қол қойып беруімізді тапсырған. Өкінішке қарай, ол кезде бас метролог іссапарда, есепші мен экономист еңбек демалысында болатын. Сосын біз оның уақытын созып беруді сұрап хат жолдадық. Ол хатты қаперге де алмастан директорға, маған, бас метрологқа сөгіс берді. Біз оған келіспейтінімізді айтып, бас мекемедегі келісім комиссиясына арыз түсірдік. Комиссия онлайн жиын өткізді. Уәжімізді айттық, барлығына жауап бердік. Сол жерде Наримбаевты шақырып еді ол өз ұстанымынан қайтпайтынын айтып тұрып алды. Жалпы, біз бас мекеме мамандарымен ортақ шешімге келе алмай отырғанымызды түсінбеймін. Дұрысын айтсақ тындамай, қалай болу керек екенін айтсақ түсінбейді. Біздің бұрыннан келе жатқан өз су өлшегіш әдісіміз бар. Оны мойындағысы келмейді. Айтып, жазып-ақ жатырмыз, ешкім тындамайды. Қояр талабы біздің жұмыстан кетуіміз болып тұр», – дейді бұрынғы директордың орынбасары.

СУ ӨЛШЕУДІ АВТОМАТТАНДЫРУҒА БӨЛІНГЕН ҚАРЖЫ ҚАЙДА?

Филиал қызметкерлерінің айтуынша, «Қазсушар» РМК-ның Басқарушы директоры жоғарыда атап өткен Мақтаарал ауданындағы К-19 каналына қойған суды өлшеудің автоматтандыру Пилоттық бағдарламасының тұсаукесерін сол кезде-

гі Экология, геология және табиғи ресурстар министрі М.Мырзағалиевке ұсыныпты. Бүгінде «Қазсушар» РМК Суару жүйелерін автоматтандырудың 5 жылдық жоспары оны орындаудың іс-шаралары бекітіліп, жұмыстар басталып та кетіпті. Сондай-ақ ашық хатта тағы бір мәселе айтылған. «2010 жылдардан бастап Қазақстан Республикасы аумағында да су өлшеуді автоматтардыру іс-шараларына мемлекет тарапынан миллиардтаған қаржы бөлініп, құрылыс жұмыстары орындалды. Сол бөлінген қаржылардың осы күндері нәтижесі қалай болғаны жөнінде мәлімет бар ма екен?! Орналастырылған автоматтандыру жүйелері қызмет атқарып тұр ма?! Экономикалық тұрғыдан тиімділігін есептеп шыққан маман бар ма екен?!» дейді мамандар. «Жел тұрмаса шөптің басы қимылдамайтыны» секілді, осынау деректерді көңігі мамандар тектен-текке айтып отырмаған шығар деген ой келеді.

Ал қудаланып отырған үшінші тұлға мекеменің бас метрологі болған, ол да қазірлауазымы төмендетілген Сұлтанбек Бекжанов. Ол бас мекемедегілер «өзін білме, білгеннің тілін алма» дейтін сөзді ұстанып етіп алғанға ұқсайды дейді. 2020 жылдың тамыз айында мамандардың келісімінсіз қойылған автоматтандыру жүйесінің дұрыс еместігін айтудан танбайтынын да жеткізді. 17 жылдан бері республика бойынша қай каналға қандай қондырғы қойылып жатқанын көріп жүрген су шаруашылығының маманы осынау автоматтандыру жүйесінің К-19 каналына қойылғанына үзілді-кесілді қарсы. «Бұдан біздің хабарымыз жоқ. Жұмыс жүріп жатқанда барып, Тараздан мамандар келіп сынама алғанын, қорытындысында мұнда қоюға болмайтынын айтып кеткенін ескерттім. Сосын бұл жұмыстарды қандай компанияның атқарып жатқанын сұрастырып білдім. Басшысы өзімізбен бірге талай су шаруашылығында қондырғылар орнатып жүрген жан екен. Одан судың көлемін өлшедім бе, мұның қалай деген едім, «маған тапсырыс берді, орындадым» деп тұр. Оның үстіне бұл Өзбекстан Республикасының иелігіндегі канал. Ертен дау шығып кетпей ме деген күдігіміз де жасырмалды. Жалпы, каналдың көлбеуі де төмен, су өте аз. Соңғы 3 жылдан бері тіпті таудағы су көлемі де азайып кеткенін көріп жүрміз», – дейді Сұлтанбек Бекжанов бізбен әңгімесінде.

Біз «Су метрология» филиалына жуырда ғана бас мекемеден келген директордың міндетін атқарушы Ержан Қазуиловпен сөйлескенімізде ол бұл мәселелердің басы-қасында болмағанын атап өтті. «Қазір ұжым қызметкерлері өз жұмыстарын атқарып жатыр» деп қысқа жауап берді.

Дегенмен осынау істе кімнің сөзі дұрыс, кімдікі бұрыс екенін анықтауды мамандар еншісіне қалдырдық. Алайда ұжым мүшелерінің арасына жік түскен жерде береке болмайтыны бесенеден тағы белгілі. Ал қаналға автоматтандыру жүйесін қою мәселесінде мамандардың шырылына да құлақ тұру керек шығар.

Назгүл НАЗАРБЕК,
Шымкент қаласы



«Жыры бітпеген» көпір

Көкшетауда жылға жуық уақыт көпір құрылысы бітпей жатыр. Халық сарғая күткен көпір былтыр жыл соңында, жаңа жылға дейін-ақ тапсырылуы тиіс болған. Бірақ құрылысты жүргізген мердігер «Бука» компаниясы көпірдің құрылысын сырықұйымшақтатып жіберген. Жылға жуық уақыт жолсыз әрі автобус қатынассыз қалған халықтың билікке өкпесі қара қазандай. Өткен жылдың соңында есептік кездесу кезінде қала әкімі Бауыржан Ғайса халық жүріп-тұру үшін көпірдің бір бөлігін пайдалануға беруге уәде еткен. Алайда ақпан басталса да, «жаңа көпірдің» жыры бітпеді...

Қаланы қалқа бөлген Қышпақты өзені арқылы көпір құрылысы былтыр сәуірде басталған. Дегенмен жергілікті билік пен мердігер компания айтқандай жеті ай емес, арада жыл өтсе де көпірдің бітетін түрі көрінбейді. Өйткені 700 миллионға жуық қаражат құйылған құрылыстың жобасы сапасыз шыққан. Бұдан кейін мердігер компания көпірдің жобасын қайта салуға жобалық-сметалық құжаттаманы қайта өзгертуге мәжбүр болған. Сараптама жөндеп жүргізілмеген. Яғни, бірнеше миллиондардың көзіне ашықтан-ашық су құйылғаны айдан анық сияқты. Бұл орайда жылға жуық уақыт жеңіл көліктердің ортан беліне жететін батпақты өзенді кешіп жүрген қала тұрғындары құрылыс жобасына жергілікті қала әкімі де, облыс әкімі де мән бермей, мемлекеттік сараптамадан өтіп кеткеніне наразылық білдірді.

«Міне, арада жылға жуық уақыт өтсе де көпіріміз әлі бітпей тұр. Кезекті бояма тіріктің көрінісі! Адамдарды неге ақымақ санайсыңдар? Құрылыс жұмыстарының орындалуын бақылау оның салыну жобасы сараптамасынан басталуы тиіс. Ал аталған көпір құрылысына сараптама жөндеп жасалғанына күмәнім бар. Болса аты-жөнін кім екенін айтсын. Құрылыс жұмыстарының сапасын бақылау тапсырыс берушінің негізгі талап-тілектерінің бірі болуы тиіс. Өйткені құрылыс-монтаждау жұмыстарын бақылау өткізу нәтижесіне сәйкес қажет техникалық нормалар мен стандарттарды сақтауға бағытталған кешенді шаралар. Бірақ бұған мойын бұрған не қала әкімін, не облыс әкімін көрген жоқпыз. Халық алдында есеп бергенімен іс жүзінде әртістің ойыны сияқты. Түк бітпейді», – дейді Көкшетау қаласының тұрғыны Мәлік Ахметқалиев.

Расында да жылға жуық уақыт бойы 10 мыңнан астам халық тұратын шағынаудан қоғамдық қатынастан ажырап қалған. Жол болмаған соң қоғамдық көлік те жүрмей қойған. Ал такси көліктері бұл ауданға көлік болмағандықтан бағаны тым шарықтатып жіберген.

Көпірдің сапасыз салынғанын қала әкімі де жақында құрылыс басында болған сапары барысында ашық мойындады. Жұрт алдында мердігерге құрылыстың сапасыздығын айтқан қала әкімі көтере алмайтын

шоқларды беліне не үшін байлағанын сұрады.

«Жоба авторлары мен жобалаушы құрылысты аяқтау мүмкін емес екенін айтты. Соған қарамастан сіздер қалай жылдың соңына дейін аяқтаймыз деп уәде бердіңіздер? Бірден құрылысты бітіре алмайтын-дарыңыз туралы ашық айту керек еді. Жұртты өбден зуре-сарсаңға салдыңыздар. Құрылыс жобасы бірден сапасыз салынған. Құрылыс нормалары мен ережелеріне сәйкес есептедік дейсіз. Мен тіпті сіз құрылыс басына келмесіңіз де танғалмаймын. Жоба жасалды, одан кейін оны қайта өзгертуге мәжбүр болдық. Көріз құбырлары тау болып үйіліп жатты. 1500 текше суды сорып алуға мәжбүр болдық. Мұның бәрі сіздердің қателіктеріңіз», – деді қала әкімі Бауыржан Ғайса.

Әкімнің айтуынша пайдалануға берілетін көпір сапасыз болғандықтан жүк көліктеріне бұл көпірден өтуге жол берілмейді. Тек жеңіл көліктер ғана жүре рұқсат етіледі. Оның өзінде егер құрылыс сапасы түзетілген жағдайда ғана көпірдің бір бөлігін уақытша адамдардың жүріп өтуіне мүмкіндік берілмек.

Жіберілген техникалық оқлықтарды мойындаған мердігер компания өкілі де көпір құрылысын көктем шыға асфальт салып түзетінін айттып ақталмақ болды.

«Қазір біз бір бағытта адамдар жүру үшін көпірді аяқтауға әзірміз. Ол үшін сәуір айында бізге асфальт берсе жөн болар еді. Көпірдің екі жақ қапталы қазір дайын тұр. Шамамен асфальт төсеуге болатындай 0-5 немесе +5 градус температура болса біз асфальт төсеуді бастап кетер едік. Бізге енді уақытында асфальт беріліп оны төсеп, қалпына келтіру жұмыстарын жасаймыз», – дейді мердігер «Бука» компаниясының өкілі.

Сонымен, бір жылға жуық уақыт өтсе де айналасы 100 метр шамасындағы көпір аяқталмай тұр. Төзімі таусылған тұрғындар әлі де осынша уақыт аяқталмай тұрса танғалмайтынын айтады. Ал мердігер компания алдағы көктемде іске қайта кіріспек. Бұл орайда жобаны қабылдаған тиісті бөлімдер мен авторлық қадағалаудың тиісті түрде орындалмағаны анық байқалып тұр.

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,
Ақмола облысы



UFC ұйымындағы кезекті жекпе-жегін өткізеді

UFC ұйымында өнер көрсететін қазақстандық спортшы Шавкат Рахмоновтың (14-0) Вrage CF лигасының бұрынғы чемпионы гайаналық Карлстон Харриске (17-4) қарсы кездесуі қашан өтетіні анықталды.

Рахмонов UFC ұйымындағы үшінші кездесуін 6 ақпан күні Лас-Вегас (Невада штаты, АҚШ) қаласында UFC Vegas 47 турнирінде өткізеді. Отандасымыз бірінші рет UFC турнирінің басты кардында өнер көрсетеді.

Шавкаттың айқасы басты кардтың төртінші кездесуі болады. Бұл жекпе-жек шамамен Қазақстан уақыты бойынша сағат 7.30-да басталады.

Еске салсақ, осыған дейін Рахмонов UFC ұйымында екі кездесу өткізді. Соңғы рет ол UFC Vegas 30 турнирінде өнер көрсетіп, екінші раундта бразилиялық Мишье Празересті қылғандыру әдісімен жеңді. Ал бірінші кездесуінде Алекс Оливейрадан айласын асырды.

Әбілмасұр ЖАСАН

Флешмоб арқылы қолдау көрсетті

Қазтұтынуодағы Қарағанды университетінің студенттері қысқы Олимпиадаға қатысатын Қарағанды облысының спортшыларын қолдау мақсатында флешмоб өткізді. Акцияның бастамашысы Денешынықтыру және спорт басқармасы болды.



Н.Әбдіров атындағы спорт сарайының алдындағы алаңға ЖОО-ның 50 оқушысы жиналды. Студенттер би билегеннен кейін, қарағандылықтарға 4 жылдық басты жарыстарда сәттілік тіледі.

Бұл жолы Қарағанды облысынан Олимпиадаға биатлоншы Владислав Киреев пен конькимен жүгіруші Екатерина Айдова қатысады.

Екі спортшының да Қазтұтынуодағы Қарағанды университетіне тікелей қатысуы бар. Екатерина Айдова – университет түлегі, ал Владислав аталған жоғары оқу орнында оқуын жалғастыруда.

«Екі спортшы да біздің тәрбиеленушілеріміз. Екатерина мен Владиславтың алдында үлкен міндет тұр. Осындай маңызды спорттық жарыста еліміздің намысын қорғау соларға жүктелді. Олар

жарыста жақсы өнер көрсетіп, үздіктер қатарынан көрінсе дейміз. Біз санлақтарымызға сенеміз, – дейді ҚР Тәуелсіздігінің 10 жылдығы атындағы қысқы спорт түрлері бойынша ОРМБЖМ басшысы Гүлнар Әліқұлова.

Екатерина Айдова – төрт құрлықтың чемпионы. XXIV қысқы Олимпиада ойындарына қатысу үшін ол 500, 1 000, 1 500 метр қашықтықта конькимен жүгіру спортында үш лицензия жеңіп алды. Ал биатлоншы Владислав Киреев – ҚР спорт шебері және жастар арасында Қазақстан мен Азия чемпионы.

Естеріңізге сала кетейік, XXIV қысқы Олимпиада ойындары Бейжіңде 4-20 ақпан аралығында өтеді. Жарыста Қазақстан намысын 34 спортшы қорғайды.

А.ЖАСАНҰЛЫ

Монпелье турнирін жеңіспен бастады

Қазақстанның бірінші, әлемнің 35-ракеткасы Александр Бублик Монпелье (Франция) АТР 250 турнирін жеңіспен бастады.

Осы жарыстың 6-ракеткасы болып тіркелген Бублик алғашқы кездесуін әлемдік рейтингте 62-орында тұрған нидерландтық Таллон Грикспурмен өткізді.

Тай-брейкке дейін барған екі сетте де қазақстандық теннисші сәтті ойнай білді – 7:6 (7:4), 7:6 (7:5).

Екі сағатқа жуық уақытқа созылған тартысты кездесуде Александр 20 әйс жасап, 9 брейк-

пойнттың біреуін ғана пайдалана алды. Қарсыласы 9 әйс, 1 брейкпен (2 брейк-пойнт) шектелді.

Бублик екінші айналымда әлемнің 96-ракеткасы, германиялық Петер Гоевчик немесе рейтингте 113-сатыдағы франциялық Пьер-Юг Эрбердің біреуімен күш сынасады.

Тағы бір қазақстандық Михаил Кукушкин іріктеу сайыстарының финалында дәл осы Эрберге есе жіберіп, негізгі додаға қосыла алмай қалған болатын.

Жүлде қоры 430 мың еуроға жуықтайтын Монпелье жарысы 6 ақпанда мәреге жетеді.

А.ЖАСАНҰЛЫ

Еуропа чемпионатымен ҚОШ АЙТЫСТЫҚ

Футзалдан Қазақстан құрамасы Еуропа чемпионатындағы жарысын орта жолдан аяқтады. Ширек финалдық кездесуде футболшыларымыз Украина құрамасынан 3:5 есебімен жеңілді.

Абылайхан ЖҰМАШ

Негізі, матч алдында Кака жаттықтыратын команда фаворит саналған. Букмерлік кеңселер мен спорт мамандарының басым бөлігі Қазақстанның келесі кезеңге өтетінін болжады. Алайда Амстердамдағы ойында көпшілік күтпеген есеп тіркелді.

Кездесу барысында алғашқы минуттан қазақстандық футболшылардың басымдығы байқалды. Дегенмен алғашқы минуттарда қос құраманың да гол соғатын бірнеше мүмкіндігі болды. Бірақ футболшылар тепкен доп қақпадан біресе биік, біресе қиыс кетсе, біресе қақпа мандайшасы мен бағанасына тиіп кері серпіліп жатты. Тек ойынның 14-минутында төрешінің Қазақстан қақпасына белгілеген күмәнді пенальтиінен соң украиналықтар бірінші болып есепте алға шықты. Гол авторы – Петр Шотурма. Ал кездесудің 24-минутында шабуылшы Игорь Корсун Игитаның басынан допты оңай асыра салды. Тенбіл снаряд қақпа торында тулады.

Екі доп айырмасымен жеңіліп жатқан соң Қазақстан құрамасы тәуекелге барды. Шабуылға Лео Игита да араласты. Қақпаның бос қалғанын онтайлы пайдалана білген Украина құрамасының ойыншысы Михаил Зварич көп өтпей үшінші голды соқты. Мұнан соң Қазақстан құрамасының шабуылшы ширады. Кездесудің 33-минутында Дуглас есеп айырмасын қысқартты. Артынша Біржан Оразов көзге түсті. Үміт оты қайта жана бастағанда украиналық ойыншылар Разуванов пен Лебед бір минуттың ішінде бос қақпамызды дәл көздеді. Соған қарамастан, кездесу соңына дейін намысқа тырысқан құрамымыз үшінші голын салды. Бұл жолы да Біржан Оразов шеберлік танытып, дубль авторы атанды. Қорытынды есеп – 3:5. Жеңіс Александр Косенко жаттықтыратын команданың еншісінде кетті.

Ойыннан соң 40 минутта Қазақстан құрамасы қарсылас қақпасына 53 соққы жасағаны белгілі болды. Оның 18-і қақпаға дәл бағытталған. Жалпы алғанда, статистика бойынша Қазақстан құрамасы қарсыласқа қарағанда төуір ойнаған. Есесіне, сәттілік



қарсылас жағында болды. Бір жағынан топтық кезеңнің соңғы матчында сары қағаз алған Эдсон мен Тайнанның кездесуге қатыспауы да шешуші ойында қатты әсер етті. Азат Валиуллин де жаракатына байланысты командасымен бірге толық матч өткізе алмады.

Қазақстан құрамасын жеңіп, 17 жылда алғаш рет футболдан Еуропа чемпионатының жартылай финалына шыққан Украина енді Ресей мен Грузия жеңімпазымен кездеседі. Ол жұпта Ресейдің анық фаворит екенін ескерсек, жартылай финалда Украина мен Ресей арасындағы текетіреті көріп қалуымыз ғажап емес. Бұл жағдайда УЕФА-ның қандай шешім қабылдағанды да қызық.

Ал А тобынан бірінші орынмен шыққан Португалия ширек финалда Финляндиядан 3:2 есебімен жеңіп, жартылай финалға алғашқылардың бірі болып жолдама алды. Әлем чемпиондары алдағы кезеңде Испания мен Словакия арасындағы кездесудің жеңімпазымен жолығады. Жартылай финалдық ойындар 4 ақпанға белгіленді. 6 ақпанда финал және 3-орын үшін шешуші ойын өтеді.

Еске сала кетейік, Еуропа чемпионатында Қазақстан құрамасы В тобында өнер көрсетті. Алғашқы ойында Словениямен (4:4) тең түсіп, одан кейін Финляндияны (6:2) және Италияны 4:1 есебімен ойсырата жеңді. Нәтижесінде 7 ұпаймен бірінші орын алды. Өкінішке қарай, ширек финалда құрама-

мыздың Украинаны айналып өтуге шамасы жетпеді.

Азулы Қазақстан құрамасын жеңіп, тарихи жетістікке жеткен Украина құрамасының бас бапкері Александр Косенко ойыннан соң құрамадағы футболшыларының өнеріне жоғары баға берді.

– Біз Қазақстанмен ойында қайсарлық танытып, керемет жеңіске жеттік. Жартылай финалда қай құрамамен кездесетінімізді Ресей мен Грузия арасындағы ойыннан кейін білеміз. Біздің бір артықшылығымыз, ендігі қарсыласымызға қарағанда бір күн демалатынымызда болып тұр. Алдағы сында да жоғары деңгейде өнер көрсетіп, жүлдеге таласуды көздейміз, – дейді Косенко.

Аталған турнирде қазақстандық футболшы Біржан Оразов ерекше көзге түсіп, құрамадағы үздік ойыншылардың бірі болды. Топтық кезеңде – 5, плей-офф сатысында 2 гол соқты. Отандасымыз өзінде 7 голмен үздік сұрмергендер кестесінде жеке-дара көш бастап келеді. Бәсекелестері басып озбаса, құрлықтық доданың үздік шабуылшысы атануы мүмкін.

Жалпы, футболдан Еуропа чемпионаты 1996 жылдан бері тұрақты түрде өткізіліп келеді. Бүгінге дейін Испания – 7, Италия – 2, Ресей мен Португалия 1 рет чемпион болды. Ал Қазақстан құрамасы бұған дейін Еуропа чемпионатының финалдық сатысында екі рет сынға түсті. 2016 жылы үшінші, 2018 жылы төртінші орын алды.

Чжанцзякоуда ЖАТТЫҒУҒА КІРІСТІ

Шаңғы жарысы мен биатлоннан Қазақстан командасы Қытайдағы Чжанцзякоу кластерінде жаттығуға кірісті. Спортшылар соңғы жаттығу жиындарын шетелдерде өткізді. Сондықтан Қытайға дейінгі сапар барысында барлық қауіпсіздік шараларын сақтады. Биатлоншылар Бейжіңге Ыстанбұдан келді.

– Бізде бәрі жақсы. Ұшу уақыты 20 сағаттан асты. Ұшып келген бойда ПТР-тест тапсырып, олимпиадалық ауылға аттандық. Біздің спорт түрінен жарыс Чжанцзякоуда өтеді. Сол себепті мұнда автобуспен келдік. Жолға шамамен 5 сағат кетті. Бұл жақта ауа температурасы минус 20 градусқа дейін барады, қатты жел де бар. Бірінші жаттығуымыз бүгін басталады, – дейді биатлоншы Владислав Киреев.

Осы рейспен Бейжіңге шаңғышылар да келді. Олар да таулы аймақ Чжанцзякоуда сынға түседі.

– Бейжіңге жеткенше ұзақ жолды артқа тастадық. Қытайға Миланнан Ыстанбұл арқылы жеттік. Кейін олимпиадалық ауылға бару үшін 4,5 сағат жол жүрдік. Жарысты ұйымдастырушылар өте жоғары деңгейде дайындалғаны көрініп тұр. Мұнда бәрінің арнайы киіммен жүргені көзге ерекше



көрінеді. Олимпиадалық ауылға келген бойда бізді орналастырып, жайғастырды. Стадионға дейін әр 15 минут сайын автобустар жүріп жатыр. Айтпақшы, жарыс жолы өте қиын. Шаңғымен жаттығу жасап үлгердік, трассамен таныстық. Команда

жоспар бойынша дайындалып жатыр. Тағы да атап өткім келеді, ұйымдастыру жағы өте жоғары деңгейде. Қытайлықтардың қонақжайлығы да байқалып тұр, – дейді команда бас бапкері Александр Батяйкин.

А.ЖАСАНҰЛЫ

NJM
NUR MEDIA

AIQYN

Меншік иесі –
«Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Бақытжан ТҰРАЛЫБЕКОВ

Бас редактор –
Нұрмұхамед БАЙҒАРА

Амангелді ҚҰРМЕТ –
Бас редактордың

бірінші орынбасары

Гүлзина БЕКТАС –
шығарушы редактор

Асқар БЕК –
веб-сайт редакторы

Елдар ҚАБА –
секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШЕЛЕР:

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –

Ақмола облысы

Нұрболат АДЫРБЕК –

Алматы қаласы

Тұрсын ЖҰМАБЕКҚЫЗЫ –

Атырау облысы

Саятхан САТБАҒАН –

Жамбыл облысы

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –

Қарағанды облысы

Назғұл НАЗАРБЕК –

Шымкент қаласы

Роза ШӨКЕН –

Солтүстік Қазақстан облысы

Азамат ҚАСЫМ –

Шығыс Қазақстан облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102

Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102

Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31

reklama.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:

8(777) 310 22 54, 8(7172) 72-95-39

podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 4 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4067

Алматы қ. «Дәуір» Ш.Қалдаяқов көшесі, 17-үй

Нұр-Сұлтан қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Сілеті көшесі 30, тел.: 8(7172) 99-77-77

Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС, Әмітқұлов көшесі 22,

тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114